Центральная каузальная цепочка карты: *интерпретация* – *значение понятия* – *квант знания* – *содержание текста*. По данной цепочке, с учетом характера причинно-следственных отношений, может быть сформулировано центральное каузальное утверждение: *Интерпретация есть средство (инструмент) моделирования содержания текста как результат описания квантов знаний, представленных в значениях базовых понятий*.

Каузальные цепочки карты: *признаки понятия – интерпретация – значение понятия; иерархия отношений понятий – интерпретация – квант знания; отношения между квантами знания – интерпретация – содержание текста – определяют как ближайшая периферия. На их основе формулируются каузальные утверждения, эксплицирующие инструментальный характер процесса интерпретации: Значение понятия есть результат интерпретации его признаков. Интерпретация иерархии отношений понятий формирует квант знания. Интерпретация отношений между квантами знания моделирует содержание текста.*

На основе периферийных каузальных утверждений может быть выстроена инструментальная программа работы с учебным текстом. Основанием для неё будут: интерпретация признаков понятий с целью выявления их значения; формирование кванта знаний через интерпретацию иерархии отношений системы понятий; понимание квантов знаний и интерпретация отношений между ними для обеспечения усвоения содержания учебного текста; интерпретации содержания всего текста.

Таким образом, когнитивная карта позволила выявить потенциальные возможности интерпретации в обучении второму и/или иностранному языку. При овладении вторым/иностранном языком интерпретация становится средством обучения, инструментом моделирования обучающего пространства и средством достижения практических результатов. Интерпретация смысла в изучаемом языке – результат понимания. Умение интерпретировать поведение собеседника формирует способность к социализации в иноязычном обществе. Интерпретация знания есть следствие его усвоения. Использование интерпретированного знания в практике речевой деятельности для решения собственных задач коммуникации или когниции свидетельствует о сформированности профессионально значимых компетенций инструментального, системного или предметного характера.

ЛИТЕРАТУРА

1. Философский энциклопедический словарь. М.: Советская энциклопедия, 1983. – 837 с.
2. Краткий словарь когнитивных терминов/ Под общей редакцией Е.С. Кубряковой. М.: 1996. –245 с.
3. Екшембеева Л.В. Когнитивное картирование лингвистического знания. Алматы, 2009. – 133 с.

ТІЛДІ МЕНГЕРУ ПРОЦЕСІН ТИІМДІ ТҮРДЕ  
ЖЕҢІЛДЕТУ ЖОЛДАРЫ

Г. ЗАУРБЕКОВА (ф.ғ.к. аға оқытушысы)  
*Қ.И. СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰТУ*

POSSIBILITIES OF MAKING THE PROCESS OF LANGUAGE  
ASSIMILATION SIMPLE AND AVAILABLE

G.ZAURBEKOVA  
*K. SATPAEV UNIVERSITY*

Қазақ тілін оқып үйренуге бүгінгі күнде көптеген студент жастар айрықша қызығушылық танытады, бұл күнделікті тіл үйренуші аудиториямен жұмыс істеп отырған кезде көзге анық байқалатын жағдай. Студенттеріміз түрлі ұлт өкілдері болғандықтан олардың тілді үйренуге деген ынтасы, алға қоятын мақсаты, және оған қолжеткізу үшін таңдайтын жолдары да әртүрлі деңгейде болады. Қазіргі студент жастардың мемлекеттік тілді түбегейлі меңгеруді қолға алуын, яғни мемлекеттік тілді жетік білуді өздерінің сөзсіз табысқа жетуінің, мансаптық өсуі мен республиканың азаматы ретінде ел аумағында толыққанды өмір сүре алудың бірден бір кілті ретінде көре білуі деп тану қажет. Оның үстіне қазіргі жастардың білімін тереңдету, көбірек танып-білу мақсатымен қазақ халқының тілін меңгере отырып, оның ішкі мәдени тұтастығын көре білуге, салт-дәстүрін, наным-ырымдарын терең түсінуді мақсат етіп қоюы зор ықыласымызды тудырады.

Осылайша тіл үйренуге деген қызығушылықтың болуымен қатар, қазір осы тілді сәйкес аудитория өкілдеріне үйрете алатын, нәзік қыр-сырларын жеткізіп бере алатын кәсіби білікті оқытушыларға деген сұраныста, қажеттілікте жоғары. Бұл мәселе әлі де күн тәртібінен түспей отырғанын айтпай кетуге болмайды. Бұл қажеттілік, сұраныс іс қағаздарының мемлекеттік тілге жаппай көшуіне байланысты арта түсті деуге болады.

Қазақ тілінің оқытушысы тек ана тілін жоғары немесе жақсы деңгейде жетік білгені қазіргі кезде аздық етеді, сондай-ақ нақты бағдарламалар мен әдістемелер негізінде жұмыс істеп, оқыту процесін жақсылап ойластыра және жүйелендіріп отыратын, заман талғамына сай дайындығы мықты оқытушы керек екені даусыз. Оқытушы аудиториямен жұмыс істей бастаған сәттен бастап тіл үйренушілердің тілдік дайындығын диагностикалап алуды басшылықта ұстауы тиіс. Студенттің білім деңгейін тез және дұрыс бағалау оқытудың барынша сәйкес, тиімді әдістерін аз уақыт ішінде таңдап алуға мүмкіндік береді. Одан өзге қазақ тілінің оқытушысы тілдік материалды жинақтау, таңдау, сұрыптау кезінде студенттің қажеттілігін, болашақ маман профилін үнемі назарда ұстауы тиіс.

Қолданылатын материалдардың алуан түрлі болуы сабақты қызықты етеді және жұмыстың жаңа тиімді түрлері жақсы нәтижелерге қол жеткізеді. Студент үшін аса маңызды да пайдалы материалдарды табу, оның тиімді беру әдісін талғау үшін тек әдістемелік материалдарды ғана емес, сонымен қатар арнаулы пән мұғалімдерінің беретін қызықты материалдарын түрлі дереккөздер арқылы іздеп таба алуы тиіс. Оқытушылар тәжірибе жинақтай келе дәстүрлі әдістемемен, немесе бір типті материалдармен шектелуі тиімсіз екенін түсінеді. Соның бірі тез ойланып жауап беретін, жауабын ақылдасып отырып топ болып шешетін қызықты викторина сұрақтарын ұйымдастыруға болады, мамандар қолданып жүрген логикалық тапсырмаларды беруге де болады. Студенттердің мектеп қабырғасынан алған іргелі ғылымдар негізін, атап айтқанда математика, физика, химия сияқты пәндерді өте жақсы меңгергені белгілі. Еңдеше осы пәндер бойынша, қызықты түрлі салалық және жасөспірімдерге арналған танымдық энциклопедиялар, тапсырмалар жинағы, т.б. материалдарды енді қазақ тілінде берсек, сол кезде балалар орыс тілінде бұрын меңгерген ақпараттық материалдарды қазақша бірден өңдеуге қалай қарайды екен? Ол қолдарынан келе ме екен? Белгілі бір ұғымдардың, құбылыстардың, түсініктердің

қазақ тілінде айтылуына қызығушылықтары қандай болады екен? Міне, осы сұрақтарға әртүрлі дереккөздерден жинақтап сабақ үстінде түрлі формада ұсынылған қызықты материалдар өз жауаптарын таба алды. Расында да, біздің орыс тілінде білім алған студенттеріміз үлкен қызығушылықпен қарайды екен. Бұған мысал келтірер болсам, ақпараттық технология саласы бойынша дайындалатын болашақ ІТ мамандары (инженерлер, программистер, ІТ қызметкерлері) өздері күнделікті оқып үйренетін жаңа технологиялық құрал-жабдықтар туралы ақпараттарға, олардың мүмкіндіктері, артықшылықтары, келешегі, пайдасы мен зияны деген сияқты мәселелер қарастырылған материалдарды зор қызығушылықпен меңгереді, мұнда қатысымдық тәсілдердің бәрі белсенді түрде қамтылады, тіпті студенттер СӨЖ жұмыстарын да зор шығармашылықпен орындап шығады, мұнда тілдік дайындығы орта, төмен, жоғары деген түсінік болмауы тиіс, тек әр студентке жеке бағдарланған жұмыс жүргізіліп отырады, күтілетін нәтиже – әр студент өзіне жауапкершілік қабылдайды және семестр бойы өте зор ынтамен оқып, сабаққа деген зор сүйіспеншіліктерін білдіріп отырады. Осылайша семестр соңында семестр бойы жинақтаған білімді талдау, сараптау үшін мамандықтары ұқсас үш топ студенттерін (одан да көп жинауға болады) жинақтап, зияткерлік ойын өткізу керек. Әр топ үш ойыншыдан тұрады, оның біреуі ешқашан ауыспайды, ал екіншісі ойын барысында тек екі рет алмасып отырады, үшіншісі үнемі алмасып отырады, басқаша айтқанда студенттердің барлығы ойынға қамтылады. Үшінші ойыншының үнемі ауысып отыруы топтың бәсекеге қабілетті болуына кейде қауіп те төндіріп отырады, себебі топ ішінде тілдік дайындығы бастауыш деңгейге сай студенттердің болатыны да жасырын емес. Бір ұтымды жері, студенттер бұл ойын сұрақтарын, материалдарды, мәтіндерді, суреттері мен музыкалық жағынан рәсімделуін де өздері орындайды. Ойын жетекшілерін де, жүргізушілерді де студенттердің арасынан алу қажет. Бұл зияткерлік ойын әрі қорытындылаушы ойын түріндегі сабақ

болғандықтан, кафедраға ашық сабақ түрінде де ұсынып, әріптестерді шақырған дұрыс. Олар әділқазы қызметін атқарып, ойын соңында тиісті бағаларын береді, екінші жағынан студенттеріміздің тілді үйренуге деген зор ықыласын, қазақ тіліне деген зор құрметін байқайды және студенттерді көтермелеп, қолдап өз пікірлерін қалдырады.

Оқытудың қай кезеңінде болса да, әдістеме қандай болса да, ойын және шығармашылық тапсырмаларды қолданбай жұмыс істеуге болмайды, олар бірден бірнеше міндеттерді шешуге көмектесе алады.

Қазақ тілі сабақтарында ойын түрлерін мынадай мақсаттармен қолдануға болады:

- ауызекі тілдесімді дамыту;
- лексиканы кеңейту және бекіту;
- естіп қабылдау дағдысын дамытуға;
- грамматикалық, морфологиялық құрымдарды меңгерту;
- студенттерді шығармашылық жұмысқа баулу, олардың қызығушылығын арттыра түсу;
- логикалық ойлауын дамыту (сөзжұмбақ, құрастырмалы ойындар);
- тапсырмаларды түрлендіру (мәтін мазмұнын өңдеу, шағын әңгіме мәтінін құру т.б.) материалдарды салыстыру, бөліктерге бөлу, тақырып қою;
- рөлдік ойындарды жүзеге асыру;
- сипаттама, мінездеме, эссе жазу дағдыларын дамыту;
- ой шапшаңдығын, сөз байлығын дамыту және т.б.

«Таныс сөздер» ойыны. Бұл ойынды ең алғашқы сабақтарда ұсынуға болады. Студенттерден білетін сөздерін атауды өтінуге болады. Содан кейін орыс тілінен кірме сөздерді оқытушының өзі атап олардың екі тілдегі айтылымын салыстыруға болады. Осындай ойынды «Сөздер, сөздер, көп сөздер» ойынымен жалғастыруға болады. Студенттерден нақты берілген әріптерден басталатын сөздерді жазуды өтіну керек. Оларды әр студент өзі таңдаған бесінші пән бойынша алуға болады, өйткені студенттің

таңдаған болашақтағы мамандығы міндетті түрде осы бесінші пәнмен тығыз байланыста болады. Бұл ойынды екі студент арасында да өткізуге болады, олар бір мезетте тақтаның екі бетіне сөздерді жазады.

*Кесте ойыны.* Кесте құрып, тік бағандарға түрлі лексикалық категориялар жазылады, ал көлбеу берілген әр ұяшыққа әртүрлі әріптерді жазып қоямыз. Сол әріптен басталатын және көрсетілген категорияға жататын сөздерді жазып, кестені тез толтырып шығуы тиіс. Тапсырманы күрделендіруге болады, бұл жерде ұяшықтағы бір сөздің орнына сөз санын көбейтіп талап етуге болады, бұл тапсырманы берердің алдында оның орындалу қиындылығын оқытушының өзі тексеріп алуы тиіс.

*«Керек сөзді табыңыз» ойыны.* Әр студентке үлестірмелі карточка беру керек, онда түрлі сөздер жазылады. Ойыншыларға қойылатын талап бойынша басқалардан бұрын нақты тақырыпқа қатысты сөздерді тезірек табуы тиіс.

*«Маған тізбек керек».* Оқытушы карточкалардың жиынтығын даярлайды, мұнда түрлі лексикалық тақырыптарға қатысты сөздер жазылған. Карточкаларды араластырып, оқушыларға таратылып беріледі. Ойыншылардың міндеттері – берілген карточкалардан тезірек құтылу. Сондықтан берілген физикалық символдарды формулалар бойынша жинақтауы қажет және оны қазақша дұрыс айтып, оқып беру тиіс.

*«Ең дәулетті кім?» ойыны.* Оқытушы түрлі тақырыпқа қатысты карточкалардың жиынтығын дайындайды. Оларды араластырып, үстел үстіне қояды. Ойыншыларға бір тақырыпқа сәйкес келетін сөздерді мейлінше көбірек алуы керек. Аз уақыттан кейін оқытушы ойынды тоқтатады, әр ойыншының қолында бірнеше карточка болады. Кім ұзақ комбинация жинаса, сол ұтады.

*«Домино» ойыны.* Түрлі тақырыптарға қатысты сөздер жазылған карточка дайындайды, бұл карточкада әртүрлі тақырыптан алынған екі сөзден болады. Ойын доминоның тәртібі бойынша жүреді. Ойыншылар кезектерімен келіп өздерінің



карточкаларын орнасластыруға тырысуы керек. Карточкалар тек екі бағытта ғана қойылады. Егер ойыншының қолындағы карточкадан сәйкес сөз шықпаса ортада қалған карточкадан алып отырады.

«Қандай физикалық құбылыс байқалды?» ойыны. Қазақтың ұлттық ойындары, көкпар, қыз қуу, теңге алу, аударыспақ, арқан тарту, алтыбақан сияқты ойындарын жасыру керек. Физикалық ұғымдардың атаулары берілген карточкалар таратылады, ойын басталған соң көбірек сөздерді сәйкестендіру және оны сөзбен түсіндіріп, дәлелдеуі тиіс.

«Етістіктер» ойыны. Студенттер нақты берілген әріптен басталатын, нақты тақырыпқа қатысты етістік сөздерді кезектесіп айтады және оның қай тақырыпқа қатысты екендігін де айтады.

«Артық сөз» тізбегін талдау қажет, егер басы артық сөз болса тауып алып тастау керек, егер керек сөзді алып тастаса, ол ойыншы ойыннан шығады.

«Жұмбақ сөз» ойыны. Ойыншының бірі орыс тілінде кәсіби тақырыпқа қатысты сөзді жасырады, екіншісі қазақша баламасын табады, үшіншісі оған мысал келтіреді.

Бұл тек лексикалық бірліктерге қатысты қолданылатын мысалдар, келтіре берсе мысал көп. Содан кейін мектеп қабырғасында физика сабақтарында қолданылатын пән мұғалімдерінің де қызықты жұмыстарын қызықты етіп қолдануға болады. Мысалы, «Физика» деген сөз нені білдіреді, қай тілден келген? Физикалық денелерді атап шық. Молекула деген сөз қандай мағынаны білдіреді? Диффузия сөзін қалай түсінесің?» және т.б.

- *Піскен жұмыртқа мен шикі жұмыртқаны қалай ажыратамыз? (суға саламыз, тығыздығына қарай батады)*
- *Жаңғырық қайдан пайда болды? (дыбыстың шағылуынан)*
- *Ньютонның тартылыс заңын ашуына не себеп болды? (алма)*
- *Кинетикалық – грекше («кинетикос» - қозғалыс )*
- *Мөлдір емес денелердің көпшілігінен өтіп кететін сәулелер (Рентген сәулелері)*

- Потенциалдық – латынша («потенция» - мүмкіншілік)
- Автобус кілт тоқтағанда қандай қозғалысқа түсесің? Неге?  
(еңкейеміз, инерция құбылысына байланысты)
- Автобус кілт қозғалғанда қандай қозғалысқа түсесің?  
(шалқаямыз, инерция құбылысына байланысты)

«Автомобиль 9 км жолды 36 км/сағ жылдамдықпен, ал келесі 27 км жолды 54 км/сағ жылдамдықпен жүрді. Автомобиль қозғалысының орташа жылдамдығы қандай?» сияқты берілген тапсырманың өзін қазақша түсініп, оның шешу жолын қазақша жеткізіп беріп жатса, бұл да тілді меңгеруді жеңілдетеді әрі тіл үйренушінің өзіне деген сенімі артады.

Сабақтағы ұтымды пайдаланған ойын барысында студенттердің қабілеті, іскерлігі көрінеді. Оқытушы әр студенттің жұмысын жеке бағалауға мүмкіндік алады. Ойын студенттердің бірігіп жұмыс істеуіне мүмкіндік береді, ойлану, ақылдасу, іздену, бірін-бірі тыңдау дағдыларын қалыптастырады.

Ойын түрлерін қолдану арқылы жаңа материалдарды жеңіл де тиянақты түсіндіруге, меңгертуге мүмкіндік молынан туындайды, сондай-ақ ол білім алушының санасында берік орын алады.

Елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы өзгерістер білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды жаңаша бағалай отырып саралауды, оқушылардың шығармашылық әлеуметін дамытудың, оқытушы іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды, тілді үйретуді мүмкіндігінше жеңіл, қолжетімді тәсілдермен жүзеге асыруды талап етеді.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі, Алматы, 2000. – 208 б.
2. Оралбаева Н., Жақсылықова Қ., Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі, Алматы, 1996, «Қазақ тілі сабағында қолданылатын ойындар және оларды ұйымдастыру жолдары», 186-202 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІ  
ПАТРИОТТЫҚ РУХТА ТӘРБИЕЛЕУ

Қ.Ә. ИЕСОВА (аға оқытушы),  
С.С. АЙТЖАНОВА (ф.ғ.к. аға оқытушы)  
Қ.И.СӘТБАЕВ АТЫҢДАҒЫ ҚАЗҰТУ

PATRIOTIC EDUCATION OF THE STUDENTS  
IN STUDYING KAZAKH LANGUAGE

K.ILESOVA, S.AYTZHANOVA  
K.SATPAEV UNIVERSITY

Болашақ кәсіби мамандардың рухани дүниесін дамытуда білім де, тәрбие де қажет. Кез келген ұлттың бүгінгі де, болашағы да тәрбиелі ұрпаққа байланысты екені аян. Адам азса, қоғам тозады. Қандай да бір ұлт өз алдына дербес өмір сүруден қаларда, ең алдымен, тілінен, дінінен, ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрінен жерінеді. Соның салдарынан бітім-болмысынан, ұлттық құндылықтарынан айрылады. Егемен ел жағдайында жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу – бүгінгі күннің басты мақсаты. Қазақстан мемлекетінің егемен ел ретінде қалыптасып, дербес мемлекет болып, өркендеп гүлденуі үшін жастарға патриоттық тәрбие беру – патриоттық тәрбие мәселесінің бүгінгі таңдағы өзектілігі аңғартады.

Отан – бұл халық. Халық – бұл адам. Адамды сүю, оған жақсылық жасау, жанашыр болу – адамгершіліктің белгісі. Отаншылдық көз жетпейтін көне ғасырлардан келе жатқан құндылық. Қай ғасырдан болмасын тәрбие мәселесі назардан тыс қалып көрген емес.

Патриотизмнің маңызды өлшемдерінің бірі – тіл. Қазақ зиялылары тілдің жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеудегі рөлін жақсы көрсеткен. А. Байтұрсынұлы бұл жөнінде: «Тіл – адамның, ұлттың ерекше белгісі қоғамдық өмірдегі қарым-қатынаста қолданатын ұтымды қаруының бірі», - деген. Бұдан біз

қазақ демократтары мен зиялыларының тіл саясатын дұрыс құру үшін күрескенін көреміз.

Тіл кеткеннен кейін ұрпақ санасынан ұлттық сезім де кетеді. Тіл бар жерде ұлт бар, ұлттық сана-сезім, ұлттық қадір-қасиет бар. Тілі орыс қазақ қашанда сол өзі сөйлейтін тілдің мұңын мұңдап, жоғын жоқтамақ. Қазақ тіліне қарсы көңіл-күйдің ұйытқысы болмақ. Ол неден байқалады? Ол – өзгеге бас ұрып, өзін жоққа шығарудан, өз тарихын елемеуден, өзге тілге табынып, өз тілін менсінбеуден байқалады.

Тіл – ұлттың жаны. Оны білмеу – ұлттық дәстүрден, ұлттық қасиеттен жұрдай болу деген сөз. Әрбір халықтың ой-өрісін, парасат-парқын, сезім түйсігін, дүниетанымы мен болмыс тірлігін танытатын – оның тілі. Әр жеткіншекті халқының тілі мен салттық, тұрмыстық дәстүрі негізінде тәрбиелегенде ғана ұлттық рухы жоғары ұрпақ қалыптасады.

Тарих, дін, тіл – ұлттық тұтастықтың, Тәуелсіздіктің кепілі. Өз үйінде бүгін өз тілін қорғай алмаған қазақ, ертең Тәуелсіз Отанын қалай қорғамақ?

Қазақстан Республикасында жас ұрпақ тәрбиесі қазақ менталитетінің бағытын ұстануы тиіс.

Бала тәрбиелеуде туған тіл табиғатына көңіл бөліп, халық тәжірибесіне, дәстүріне сүйене отырып тәрбиелеуіміз керек. Ұрпақ тәрбиесіндегі ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрлері мен тағылымдарын өнеге тұтпай тұрып, жастарды ұлтын сүйеге, ұлтжандылыққа, ізгілік пен парасаттылыққа баулу мүмкін емес. Өз халқының табиғи мінезін бойына сіңіріп өскен әрбір жас ұрпақ ана тілінің де қадіріне жетері сөзсіз. Халық аңыз әңгімелері, ертегілер, шешендік сөздер, тарихи мәні зор батырлық, ғашықтық, эпостық жырлар жас өспірім баланың таным-талғамына жақсы әсер ететіні белгілі. Ол студенттің өнерге деген сезімін оятады, құштарлығын арттырады, жақсылыққа, ізгілікке, парасаттылыққа тәрбиелейді, сұлу сазымен, керемет сөзімен сүйсіндіреді.

Жаһандану үрдісіне өзінің ұлттық менталитетін, салт-дәстүр, әдет-ғұрпын, тілін, дінін, ділін сақтай білген халық қана төтеп бере алады.

Сондықтан ана тіліміз, ата дініміз, ұлттық тәрбие – ұлттық мүддеге, мемлекетке, халыққа қызмет ететін рухани құндылықтар.

Студенттер жүрегіне жол табатын танымдық тәрбие пәрменділігін әл-Фараби бастаған Шығыс ойшылдарының мұраларымен сабақтастыру қажет.

Шығыс мәдениетінің алтын дәуірінде шыққан өшпес жұлдыздары Фердоуси, Низами, Хожа Хафиз, Омар Хаям, Жәми, Науаи, Физули, Сағдилар өз заманының рухани бас алқасы, батагөйі, рухани әлемнің қайнар бұлағы болғаны анық.

Гетенің «Шығыстың жеті ақыны бар, олардың ең нашары менен артық жазады» дегені бар.

Қазақ ұлтының дүниетанымы, ой-өрісі, әдет-ғұрпы, салт-санасы шығыстың рухани әлемімен астасып тұтастық құрады. Қасиетті қазақ даласы талай ұлы ғұламаларды дүниеге алып келді. Қазақ топырағының көзі ашық, көкірегі ояу ойшыл азаматтары бүкіл шығыс мәдениетін меңгеріп, өз шығармаларын көпке ортақ тілде жаза білді. Кейінгі ұрпақтарына мұра етіп қалдырды.

Солардың бірі – түркі әлемінің ұлы ойшылы, ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз. Ол ғылым мен білімдегі, адам мен әлемдегі ең терең байланыстарды, қасиеттерді, сипаттарды құндылық ретінде өрнектей білген. Сондықтан болар әл-Фарабиді энциклопедист-ғалым деп танитынымыз.

Аристотелден кейінгі Ұлы ұстаз мұрасында адам тәрбиесіне де қатысты құнды дүниелер жетерлік. «Тәрбиелеу дегеніміз – халықтың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту» - дейді ғұлама.

Тәуелсіздікке қолымыз жеткеннен бері шығыс мәдениетіне шығыс ойшылдарының мұраларына деген қызығушылық жаңа серпінге ие болды.

Н.Ә. Назарбаев: «Рухы берік, санасы ояу, мәдениеті озық, әдебиеті өрен елдің болашағы да баянды болады» – деген еді («Егемен Қазақстан», 12 қаңтар, 2012 жыл).

Ұлттық рух – ұрпақ тәрбиесінің арқауы. Ұлттық рух дегеніміз – өз ұлтыңа деген ерекше сүйіспеншілік. Ол сүйіспеншілік қайдан пайда болады? Егер де ұлттың топырағында туып өссең, оның болмысын қаныңа, жаныңа, тәніңе сіңірсең, тілін меңгерсең, тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрпын білсең сүйіспеншілік пайда болады.

Халықтың тәрбие жөніндегі даналық ойларының тамыры тереңде жатыр. Ұлттық тәлім-тәрбиенің ғасырлар бойы қалыптасқан белгілі жүйесінде жас буынды тәрбиелеуде әл-Фараби, Махмұт Қашқари, Ахмет Яссауи, Жүсіп Баласағни, Сайф Сараи т.б. ғұламаларымыздың еңбектерін пайдаланған. Әрине, қашанда бала тәрбиесі – қоғам, мемлекет алдындағы жауапты, күрделі міндет.

«Балаға білім беру үшін, ең алдымен оны тәрбиелеу керек, тәрбиесіз берілген білім, адамзаттың қас жауы» (әл-Фараби).

Тәрбие әдістерін дұрыс таңдап алу тұлғаны адамгершілікке тәрбиелеудің кепілі. «Адамның игі қылықтары мен жақсы әрекеттерін жүзеге асыруға көмектесетін жан қасиеттері – ізгілікті қасиеттер, ал адамның пасық істер мен оңбаған әрекеттер жасауына себепші болатындары – сұрқиялық, кемістік немесе опасыздық болып шығады».

«Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» деген трактаттарында әл-Фараби өз заманында сирек кездесетін ойлар айтады. Адам өмірін жай ғана сүрмей, үнемі қайырымдылық жасауға, ізгілікке, жақсылыққа қарай ұмтылуға қажеттігін ескертеді ұлы ойшыл, сонымен қатар қоғамдағы ең негізгі рухани құндылықтарға «Өзара көмектесуді» жатқызады.

«Қайырымдылық екі түрлі болады, - дейді ғұлама: этикалық және интеллектуалдық. Интеллектуалдық – (жанның) ақыл-парасаттық жағына жататын қайырымдылық, мәселен, даналық, парасат, ақыл-ойдың тапқырлығы мен өткірлігі, ұғымталдық.

Этикалық қайырымдылық – (жанның) ұмтылу жағына жататын қайырымдылық, мәселен, ұстамдылық, батылдық, жомарттық, әділдік. Жаман қылықтар да осылайша бөлінеді».

Бұл жерде этикалық қайырымдылықтардың нағыз рухани құндылықтар екендігін атап өтуге болады. Сонымен қатар осы қасиеттердің тұрақтануы үшін көп рет қайталануы және соған үйренуі қажет екендігі айтылады. Бұл адамның тұлға болып қалыптасуындағы рухани дамудың рөлі зор екендігіне қарай бағыттайды.

Қоғамдық сананың формасы ретінде өнердің атқаратын қызметі зор. Өнер арқылы дүниені көркемдік тану, өмірге эстетикалық қатынасты қалыптастыру, жеке тұлғаның азаматтық және рухани адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеуге қол жеткіземіз.

Эстетикалық тәрбие – адамның өмірдегі, өнердегі, табиғаттағы, әсемдікті, асқан сұлулықты сүйсініп, сезім арқылы ұнату, дұрыс ұғынып, ләззат алуы. Көркемдік негіз еңбекті одан сайын қасиеттендіреді, тұрмысты сәндендіреді және адамның жоғары моральдық қасиетін қалыптастырады.

Әл-Фараби «Адамның мінез-құлқын кемелдендіретін іс-әрекеттер адамның тәнін кемелдендіретін іс-әрекеттерге ұқсайды. Тәннің кемелдігі – денсаулық, денсаулық бар болса, оны сақтау керек. Жоқ болса, оған жетуге тырысу керек. Тәнді сауықтыратын іс-әрекеттер тек қалыпты деңгейде болса ғана, саулыққа жетуге болады. Дәл осы секілді іс-әрекеттер де орта деңгейде болса, солар арқылы жақсы мінез-құлыққа ие боламыз» - дей отырып, тән сұлулығы адамның денсаулығында, ақыл, парасат күшінде және адамгершілік сапаларында екендігін баса көрсетеді.

Әл-Фараби еңбектерінде патриоттық тәрбие де назардан тыс қалмаған. Бүгінгі таңда жастарға патриоттық тәрбие беруді өзінің туған өлкесін қастерлеуге үйретуден бастаудың маңызы зор. Туған өлке әркімнің өз үйінің табалдырығынан аттап шыққанда табаны тиіп, қолымен ұстап, көзімен көріп жүрген жердің тарихы, географиясы, халқы, жеткен жетістіктері мен

құндылықтары болып табылады. Әр адам неғұрлым өзінің туған жерінің табиғатымен етене жақын жүріп, табиғи құбылыстарды зерттеп білуге құштар болса, оның жан дүниесі бай, көңіл-күйі сергек болады. Әрі Жер-Ананың қадір-қасиетін білген адам өзін оның перзенті санап, оған жауапкершілік сезіммен қарайды.

Патриоттық тәрбиенің негізі әрбір студентке өз Отанының тарихын, философиялық мәнге толы салт-дәстүрін білуден басталады. Патриоттық тақырыптағы пікірталастар өткізу, ұлттық батырларымыз бен билеріміздің, ғылым мен мәдениет қайраткерлеріміздің өмірлері мен шығармашылықтарына арналған ғылыми-теориялық конференциялар өткізу арқылы да тәуелсіз еліміздің болашақ патриоттарын тәрбиелей аламыз.

Біз жас ұрпақты ұлттық құндылықтарға, мәдениетке, ата-бабаларымыздың көнеден келе жатқан салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарына, адамгершілік қасиеттеріне, ұлтын сүйетін ұлтжандылыққа, елі мен жері үшін күресетін патриотизмге тәрбиелеуіміз керек. Бұл айтылғандардың бәрі – ұлттық тәрбиенің құрамдас бөліктері.

«Дін – тәрбиенің діңгегі» демекші, төл дініміздің баға жетпес рухани құндылықтарын орнымен пайдалануымыз абзал. Егер де ұлт тәрбиесінде имандылық иірімдеріне көңіл бөлсек, онда өскелең өмір ауаны бүгінгі біздің алдымызға қойып отырған интеллектуалды ұлт, жастардың патриотизм сезімдерін қалыптастырудың міндеттерін жүзеге асыру қиынға соқпайды. Имандылық қасиеттер – интеллектуалды ұлт тәрбиелеудің, ұлтжандылық қасиеттерді меңгертудің бірден-бір негізгі жолы.

Әл-Фараби ділдік тазалық, адамдарға деген қайырымдылық, әрбір істегі парасаттылық туралы ойларымен ислам дінін адамдардың қарапайым тіршілігіне жақындата түседі. «Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес деуге болады. Себебі ол қандайлық мамандық білімі болса да, рухани, ой тәрбиесінде сыңаржақ азамат болады» деп, жазған М. Әуезов.



Қазақ тілі арқылы ұлылыққа, ұлттың салт-дәстүрге табындыра алу ұлтты сүйеге, сыйлауға жетелейді. «Салтын сүйген, халқын да сүйеді». Бұл жерде біз қазақ тілі арқылы ұлттық рәміздерімізге де табындыра білу парыз.

Президент Н.Ә.Назарбаев: «... білім беру ісінде рухани дәстүрлерді сақтап, дамыта білу керек. Бұл жүйеде оқыту мен тәрбие берудің бірлігі үзіліп қалды. Сіздер мен біздер тек болашақ буынды ғана емес, жалпы адамзаттың қадір-қасиеттердің мән-маңызын түсінетін, жаны да, тәні де таза, білімді патриот – азаматтар буынын тәрбиелеуге міндеттіміз. Жастарды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүйеге тәрбиелеу – ұстаздың аса маңызды, жауапты да қадірменді парызы» - деген болатын.

Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани :« Ғылыми парыздың бірі де бірегейі де әл-Фарабиді кемеңгер ғалым еткен, ұлы ғұламалыққа жеткізген бабаның өзі тәлім алған ортасы – ғылыми ислами жол» – деп исламда ғылым мен дін тұтас бір нәрсе екендігін атап көрсетті. Сондықтан болар, ұлы бабамыз ислам дінін ғылыммен егіз деп таныған. Ғылым, білім, дін арасындағы байланысқа жаңаша көзқарас қалыптастыру сияқты еңбектердің ұлттық рухты ояту мен қалпына келтіруге қосар үлесі зор.

Мемлекетіміздің ертеңгі жастары білімді де тәрбиелі, өз Отанын сүйетін, іздену мен дамудан шаршамайтын патриот жастар болуы керек. Бүгінгі күн талантты, жігерлі, өсуіне сенетін адамдардың уақыты. Сондықтан, заман талабынан туындап отырған, жаһандану заманында жұтылып қалмай, керісінше, экономикасы әлеуетті, мәдениеті мен салт-дәстүрі берік қалыптасқан, жан-жақты дамыған елдердің қатарынан орын алуымыз керек.

Қысқасы, жас ұрпақ жанына бабаларымыздың рухани мәдениеті мен әдет-ғұрпын, небір ізгі қасиеттерін сіңіріп, олардың ұлтжанды азамат болып өсуіне білім беру ісімен тығыз байланыстырыла жүргізілетін халықтық тәлім-тәрбиенің тигізер әсері зор.

Қорыта келгенде, жастарға ұлыларымыз, қасиетті құндылықтарымыз, сындарлы, салиқалы салт-дәстүрлеріміз, ұлы ұлттың рәміздеріміз, ұлттық басылымдарымыз арқылы ұлттық рухты сіңіре білейік, сонда ғана ұлт мүддесінен шыға аламыз. Өйткені, Елбасымыз қазақ тілінің өркендеуіне бар мүмкіншілікті жасады. «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» дегеннен артық не болушы еді! Ендігі бар тетік зиялы қауымның, қазақ тілі оқытушыларының өз қолында емес пе?!

Біз әлі де ұлт балаларының бойына ұлттық рухты сіңіре алмай, оларды ұлылыққа табындыра алмай жатырмыз. Бұл жүзеге асса, яғни олардың білімі өсіп, рухы көтерілсе, намысы қайралса, өзгеге де жарығын молынан түсіреді. Ендігі негізгі мақсат жастардың бойына гуманистік нормалар мен демократиялық қоғамның принциптерін сіңіру және елдің патриот азаматын тәрбиелеп шығару болып табылады.

МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ  
В ПРАКТИКЕ ОБУЧЕНИЯ РКИ

Е.Р. ИГНАТОВА (к. ф. н. доцент), Д.С. ТОЛМАЧЕВА (к. ф. н. доцент)  
[tolma-diana@yandex.ru](mailto:tolma-diana@yandex.ru)

*КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. АЛЬ-ФАРАБИ*

INTERCULTURAL COMMUNICATION IN THE PRACTICE  
OF TEACHING RUSSIAN AS FOREIGN

E. IGNATOVA, D. TOLMATSHEVA  
*AL-FARABY KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY*

В современном мире обучение русскому языку иностранных студентов обусловлено несколькими факторами: экономическими, общественно-политическими и культурными. Культурообразующая функция образования занимает важное место в современном обществе.

В методике преподавания РКИ в последние годы активно разрабатываются идеи интегрирования культуры в теорию и практику преподавания предмета, используются понятия «межкультурная компетенция» и «межкультурное обучение».

Обучение русскому языку иностранных студентов предполагает развитие личности студента на основе познания им чужой для него действительности и воспитания иной культуры.

Межкультурное обучение вызвано жизненно необходимыми причинами. Для преподавателя, работающего с иностранцами, важно использовать многообразие языков и культур как фактор взаимного понимания и обогащения, помогающий творческому развитию социально активной и самостоятельной личности.

Разница языков и культур препятствует диалогу между представителями разных народов. Принцип многоязычия и поликультурности позволяет вести этот диалог, осознать, что каждый человек является не только представителем своего народа, но и субъектом поликультурной мировой цивилизации.

Межкультурная коммуникация является в настоящее время предметом изучения лингвистов и методистов, философов и психологов.

Образование в современном мире понимается как самосознание цивилизации, изучение различных направлений науки, проблем философии. Формирование и развитие личности происходит не с помощью накопления фактов, а с помощью усвоения и понимания определенного содержания. Образованный человек является представителем своей культуры и одновременно толерантным членом общества, признающим другое мировоззрение в качестве равноправного.

В связи с культуuroбразующей концепцией обучения русскому языку иностранных студентов используется коммуникативная ориентация учебного процесса. Целью обучения является не только обучение разговорному русскому языку, но и выработка межкультурной (социальной) компетенции у учащихся. Межкультурное обучение направлено на формирование толерантности в отношении представителей других культур.

Межкультурное обучение – это образовательно-развивающий процесс, где обе культуры (родная и иноязычная) играют существенную роль.

В настоящее время компьютерные технологии, интернет позволяют учащимся самостоятельно более глубоко овладевать русским языком, познавать культуру, мировоззрение другого народа.

На факультете довузовского образования КазНУ имени аль-Фараби учатся студенты разных стран. Обучение в Казахстане имеет свои особенности. В Казахстане государственным языком является казахский язык. Русский язык занимает достойное место, являясь языком межнационального общения. Провозглашенный президентом Назарбаевым Н.А. курс на трехязычие (казахский, русский, английский) расширяет горизонты для учащихся. Это сразу же чувствуют студенты

факультета. Базовым учебником является «Дорога в Россию», в котором содержится информация о России, ее истории и культуре. Параллельно преподаватель, обучающий студентов русскому языку, знакомит их с историей, культурой и достижениями Казахстана.

На начальном этапе у студентов вырабатываются умения социального поведения в ситуациях повседневного общения. Страноведение помогает формировать у учащихся представления о духовных ценностях народа изучаемого языка.

«Межкультурное обучение» и «межкультурная компетенция» позволяют перейти в новый этап, предполагающий актуализацию личности учащегося на основе познания им чужой для него действительности и воспитания иной культуры.

Интересно сопоставить формирование межкультурной компетенции у китайских и афганских студентов, которые в настоящее время учатся на факультете. Китайские студенты, в большинстве, не владеют иностранными языками, когда начинают учить русский язык. Они, в большинстве, - атеисты, не очень общительны, плохо знают мировую культуру, но имеют представление о русской литературе (знают имена Пушкина, Толстого), совершенно ничего не знают о Казахстане.

Афганские студенты, в большинстве, владеют разговорным английским языком, они верующие, мусульмане, которые регулярно посещают мечеть, совершают намаз. Афганские студенты мало знают мировую культуру и историю, плохо знают Россию и Казахстан, но хорошо знают историю стран Ближнего Востока.

Приехав в Казахстан для учебы, китайцы и афганцы попадают в непривычную среду, у многих происходит культурологический шок. Преподаватель, работающий в этих группах, должен терпеливо учить не только фонетике и грамматике, но и с первых дней стараться погрузить студентов в действительность Казахстана, помочь разобраться и понять

культурные и духовные ценности народов Казахстана, обратить внимание иностранных студентов на уважение, терпимость и толерантность народов, живущих в Казахстане, постараться исключить у студентов однозначные оценки от атеизма до радикального ислама, научить культуре поведения, обогатить студентов знаниями о Казахстане и России как о двух дружественных странах, поощрить интерес студентов к изучению казахского языка.

Языковое образование, базирующееся на межкультурной парадигме, позволяет не только использовать опыт родного языка и культуры, но и осознать ценность творчества, ценность развития личности в динамично изменяющемся мире. Речь о межкультурной коммуникации (со всеми ее ошибками, сбоями) может идти только в том случае, если в процессе диалога обучающиеся не только принадлежат к разным лингвоэтнокультурам, но и осознают то, что они отличаются друг от друга.

Межкультурная коммуникация должна формироваться у студентов специально. Преподаватель должен умело учить студентов взаимопониманию партнеров по общению, что не менее важно, чем исключение в речи языковых ошибок.

Учащиеся, опираясь на свои лингвокультурные знания, постепенно, шаг за шагом, начинают овладевать системой неродного языка и чужой культурой.

Опыт работы в иностранной аудитории показывает, что овладеть полностью языком и культурой может не каждый студент. Это часто зависит от общего образования студента, его характера, работоспособности и желания добиться успехов.

Развитие у иностранных студентов умений межкультурной коммуникации осуществляется во время знакомства с русскими традициями и обычаями, с казахскими традициями и обычаями, с культурными событиями, повлиявшими на менталитет русского и казахского народа. Студентов нужно учить

сопоставлять родную и неродную повседневную культуры, культуры проведения праздников.

Овладеть межкультурными знаниями студентам должны помочь лингвострановедческие и культурологические комментарии, представленные в учебниках и подготовленные преподавателем специально для отдельной группы. Аудиовизуальные средства позволяют многое увидеть, расширить кругозор, главным же в работе преподавателя должно быть умение подобрать разнообразные материалы, которые представляют общую картину мира.

Одним из направлений межкультурной коммуникации является функционально-поведенческое выражение национальной культуры, умение рече-поведенческой способности в разных сферах общения.

Вербальные способы – это обращение, знакомство, приветствие, прощание, комплимент, телефонные разговоры, выражение просьбы, извинения, пожелания, поздравления, сочувствия и т.д. Затем в процессе обучения преподаватель должен обращать внимание студентов на то, что иногда речевые конструкции, являясь правильными, являются ошибочными с точки зрения языкового поведения, социально принятого в русской культуре.

Студенты должны осознать, что чем больше у них знаний о чужой культуре, тем меньше коммуникативных проблем с носителями языка в будущем.

Проблемы межкультурной и межъязыковой коммуникации осознаются студентами при сопоставлении русского языка с родным и чужой культуры со своей привычной, родной.

Человек формируется той культурой, в которой он растет. Вступая в коммуникацию с носителями другой культуры, студенты расширяют свое видение мира, меняют образ жизни, менталитет, сохраняя культурно-специфические, родные для них особенности, вырабатывают терпимость, уважение, желание позитивно относиться ко всему новому.

Межкультурная коммуникация в практике обучения РКИ вырабатывается для вербального и невербального общения между носителями разных языков и культур.

Анализ устных и письменных ответов студентов, изучающих русский язык, позволяет сделать следующие выводы: межкультурная коммуникация формируется не только в процессе обучения, но и в среде проживания; студенты, имеющие хорошую общеобразовательную подготовку, быстрее воспринимают другую культуру и легко общаются; афганские студенты очень часто используют «калькирование» в устной речи, но плохо пишут; китайские студенты пишут лучше и свободнее, но с трудом раскрепощаются в устном общении.

Преподаватель должен формировать у студентов, изучающих русский язык, понимание того, что владеть языком – значит уметь пользоваться им как средством социальной коммуникации.

### ЛИТЕРАТУРА:

1. Гальскова Н.Н., Гез Н.И. Теория обучения иностранным языкам. – Москва: Академия, 2008.
2. Крючкова Л.С., Моцинская Н.В. Русский язык как иностранный. – Москва: Флинта, Наука, 2012.
3. Земская А.Е. Русский язык как иностранный. – Москва: Флинта, Наука, 2006.



ИНТЕРАКТИВНЫЕ ФОРМЫ ВНЕАУДИТОРНОЙ РАБОТЫ  
В СИСТЕМЕ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ РУССКОМУ ЯЗЫКУ

Л.Ю. МИРЗОЕВА (д.ф.н.)

*УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ СУЛЕЙМАНА ДЕМИРЕЛЯ*

INTERACTIVE FORMS OF OUT-OF-CLASS WORKING  
IN THE SYSTEM OF METHODS TEACHING TO RUSSIAN

L. MIRZOEVA

*UNIVERSITY NAMED AFTER SULEJMAN DEMIREL*

За два последних десятилетия термин «интерактивные технологии обучения» обрел права гражданства в сфере методики преподавания русского языка. Как указывает Т.Н. Лашкина, «интерактивное обучение – это, прежде всего, диалоговое обучение, в ходе которого осуществляется взаимодействие преподавателя и обучающегося».

Особенности этого взаимодействия состоят в следующем:

- пребывание субъектов образования в одном смысловом пространстве;
- совместное погружение в проблемное поле решаемой задачи, т.е. включение в единое творческое пространство;
- согласованность в выборе средств и методов реализации решения задачи;
- совместное вхождение в близкое эмоциональное состояние, переживание созвучных чувств, сопутствующих принятию и осуществлению решения задач» [2].

По нашему мнению, на современном этапе внедрения интерактивных технологий в учебный процесс необходимо обратить особое внимание на комплексное, интегрированное использование нескольких видов данных технологий. В этом плане внеаудиторная работа по русскому языку является весьма перспективной. Цель данной статьи – акцентировать внимание на лингвистическом брейн-ринге как одной из возможных форм внеаудиторной работы по русскому языку, являющейся весьма

эффективной для его пропаганды и имеющей, в то же время, комплексный характер. Так, в рамках этого вида внеаудиторной деятельности используются:

А) Элементы деловой игры. В работах, посвященных данной интерактивной методике, акцент ставится на том, что «деловые и ролевые игры помогают формировать такие важные ключевые компетенции специалистов, как коммуникативные способности, толерантность, умение работать в малых группах, самостоятельность мышления и т.д. Деловые игры проходят, как правило, в форме согласованного группового мыслительного поиска, что требует вовлечения в коммуникацию всех участников» [1].

Б) Элементы дискуссии. По мнению Е.А. Реутовой, «каждая дискуссия обычно проходит три стадии развития: ориентация, оценка, консолидация. На первой стадии происходит процесс «ориентации» и адаптации участников дискуссии к самой проблеме, друг к другу, общей атмосфере. Именно таким образом начинает вырабатываться некая установка на решение представленной проблемы. Стадия «оценки» напоминает ситуацию сопоставления информации, различных позиций, генерирования идей. На последней стадии консолидации предполагается выработка единых или компромиссных решений, мнений и позиций» [3]. Отметим, что в рамках лингвистического брейн-ринга представлены все три стадии развития; другой вопрос, что они протекают очень быстро - такова специфика данного формата внеаудиторной деятельности.

В) Элементы технологии «мозгового штурма» (англ. Brainstorming). Это «один из наиболее популярных методов стимулирования творческой активности. Позволяет найти решение сложных проблем путем применения специальных правил обсуждения. Широко используется во многих организациях для поиска нетрадиционных решений самых разнообразных задач» [3].

Г) Элементы работы в малых группах, т.к. формат брейн-ринга предполагает соревнование нескольких малых групп – команд.

Данная интерактивная форма внеаудиторной работы характеризуется следующими преимуществами:

- это своего рода олимпиада, но имеющая характер коллективной работы и, следовательно, сочетающая в себе технологию сотрудничества и элементы соревнования;
- это работа творческая, стимулирующая раскрытие интеллектуального потенциала участников брейн-ринга;
- это вид деятельности, позволяющий вовлечь значительное количество студентов в активную работу (так как в ходе брейн-ринга нами предлагаются не только задания для команд: активизация «болельщиков» также является необходимым условием успешности проводимой внеаудиторной работы);
- это деятельность, характеризующаяся достаточно высоким мотивационным потенциалом, так как в ходе брейн-ринга полностью отсутствует принуждение; в то же время участие в работе команды, а также сопоставление результата своей работы с результатами соперников порождает стремление к совершенствованию интеллектуальной деятельности, развитию и пр.;
- для изучения и пропаганды русского языка внеаудиторная работа такого рода имеет особое значение, т.к. она предоставляет возможность охватить разные уровни языковой системы, представить даже не вызывающий особого интереса материал в занимательной, игровой форме (которая, к сожалению, не так часто используется в вузе);
- брейн-ринг позволяет также тренировать быстроту реакции, умение активизировать коммуникативный потенциал в течение максимально сжатого промежутка времени;
- в рамках брейн-ринга роль преподавателя является двойкой: с одной стороны, преподаватель – это творческий партнер, ведущий брейн-ринга, либо жюри. Таким образом, из

деятельности преподавателя исключаются моменты, отдаляющие его от студента (даже если преподаватель входит в состав жюри, выносимую им оценку можно оспорить, о ней можно дискутировать); тем самым создается психологический эффект близости и сотрудничества;

- помимо этого, проведение брейн-ринга с использованием аудиовизуальных средств дает возможность студентам произвести самооценку (при использовании презентации ведущий – преподаватель – может представить на слайдах верные ответы; это также усиливает объективность оценки, которую выносят члены жюри).

В качестве одного из примеров приведем ряд интерактивных заданий, включенных в сценарий лингвистического брейн-ринга, который проводился нами в рамках Недели языков народов Казахстана в Университете имени Сулеймана Демиреля. Целевой аудиторией являлись студенты казахского отделения (специальности «Казахский язык и литература», «Журналистика», «Переводческое дело», «Иностранный язык: два иностранных языка»). Необходимое техническое оснащение – компьютер, проектор и слайды РРТ. В процессе подготовки заданий, приведенных ниже, нами использовались как оригинальные разработки, так и материалы сайта [http://russian-lang.ucoz.ru/publ/uroki\\_russkogo\\_jazyka](http://russian-lang.ucoz.ru/publ/uroki_russkogo_jazyka)

1. Среди всех книг, созданных человечеством, одно из первых мест по общему тиражу изданий занимает Библия. А как переводится на русский язык это греческое слово?

2. Соберите слова, а из полученных слов восстановите пословицу. Объясните значение пословиц.

А) ㄣ: -на-, -пере-

ˆˆ: на, -кажд-, -рот-, не, -кин-, - плат-

^: -ок-, -ок

□: -ый, -ешь

- На каждый роток не накинешь платок.

Б) ꞑ: -у-

˘˘: мастер, мастер, не, -каз-

ˆ: -чик

□: -у

- Мастер мастеру не указчик.

3. Перед вами фразеологическое выражение «Исчезнуть бесследно». Назовите его греческий вариант (*Кануть в Лету*).

4. Перед вами фразеологизм «За и против». Назовите его латинский вариант (*Pro et Contra*).

5. Про близкого друга мы говорим: «Мое второе Я». Назовите соответствующий латинский фразеологизм (*Alter ego*).

6. Объясните значение архаичного существительного в составе фразеологизма «У черта на куличках».

7. Некоторые нарицательные имена являются эпонимами, то есть восходят к именам собственным. Например, *брюки* (по названию города Брюгге, откуда в Россию ввозилось сукно *брюкиш*) или *гобелен* (по имени красильщиков Гобеленов, работавших в Париже с 15 века). А как появились слова *хулиган* и *рентген*?

8. Вставьте пропущенное слово в составе фразеологизмов:

ахиллесова \_\_\_\_\_

мамаево \_\_\_\_\_

прокрустово \_\_\_\_\_

ариаднина \_\_\_\_\_

прометеев \_\_\_\_\_

эзопов \_\_\_\_\_

дамоклов \_\_\_\_\_

филькина \_\_\_\_\_

9. Значение какого слова кажется Вам необычным в следующей фразе из романа А.С. Пушкина «Евгений Онегин»:

*Все, чем по прихоти обильной*

*Торгует Лондон щепетильный...*

Что обозначает это слово в данном случае?

10. Балл получит та команда, которая первой вспомнит и произнесет две пословицы или поговорки, в состав которых входят краткие прилагательные.

11. Мудрый Аяз-бий придумал несуществующее русское слово 'МОСЛИНЬ' и спросил у советников хана, к какой части речи оно относится. Первый советник сказал: «Это существительное женского рода». Второй советник сказал: «Это существительное мужского рода». Третий сказал: «Это глагол». Кто из них неправ и почему?

12. Откуда взялось выражение «жить на широкую (большую) ногу?»

13. Найдите заимствованные слова во фразе: «Устами младенца глаголет истина». Замените их исконно русскими соответствиями.

14. В.И. Даль предлагал заменять в речи иноязычные слова русскими словами-соответствиями. Например, агитатора заменить *волнователем*, эгоиста – *себятником*, а фиолетовый цвет – *сине-алым*. Какие заимствованные слова должны были заменить, по мнению В.И. Даля, слова *мироколица*, *колоземица*; *ловкосилие*; *живуля*, *живыш*, *самодвига*; *насыл*? (Атмосфера; гимнастика; автомат; адрес).

15. Как называется в древнерусских летописях лесистая приморская местность? (Лукоморье)

16. По латыни `manus` - рука. В названии какой детали одежды можно встретить корень этого латинского слова? (Манжет).

17. Скажите одним словом «скрыть возраст». Подсказка: слово пришло в русский язык из французского языка (макияж).

18. Объясните значение фразеологизмов (одним или двумя словами):

- Водой не разольёшь (неразлучные друзья)
- Как в воду опущенный (грустный человек)
- Толочь воду в ступе (бесполезная работа)
- Седьмая вода на киселе (дальний родственник)
- Набрал в рот воды (молчаливый человек)
- Как в воду глядел (угадал, предсказал)
- Как две капли воды (очень похожи)

19. Говорят, один лингвист использовал для доказательства этого утверждения то, что возможно составить целый рассказ из слов, начинающихся с одной и той же буквы. Попробуем и мы!

Отметим, что в последнем случае высокую оценку жюри заслужил мини-рассказ (время написания – 3 минуты) студентов группы «Казахский язык и литература»: *Жанар жила жестокой жизнью. Жалко Жанар! Жизнерадостная женщина Жанар ждала жениха...*

Особые задания были предложены болельщикам. Приведем здесь некоторые из них. Безусловно, по степени трудности они намного уступают тем, которые предлагались командам; но в данном случае главной целью было избежать снижения интереса и активности аудитории.

1) К словам в левом столбике подберите слова из правого, образуя новые.

Вол Рак

Приз Овод

Вино Рис

Сено Окно

Сад Град

Кипа Вал

2) Продолжите пословицы:

Чем дальше в лес, ...

Учением – свет, ...

Сколько волка ни корми, ...

Гром не грянет – ...

Без счастья ...

3) Какое слово состоит из трех слогов, а указывает на 33 буквы?

4) Можно ли образовать от этих слов форму множественного числа: *рука, яблоко, виноград, доктор, метро, море, клей, нога, мука, сон, шоколад, ружье?*

5) Его корень в слове 'писать', приставка в слове 'рассказать', суффикс в слове 'книжка', окончание в слове 'вода'. Угадайте слово, сложив все выделенные части слова вместе.

В заключение укажем, что «существует определенная закономерность обучения, описанная американскими исследователями Р. Карникау и Ф. Макэлроу: человек помнит 10% прочитанного; 20% – услышанного; 30% – увиденного; 50% – увиденного и услышанного; 80% – того, что говорит сам; 90% – того, до чего дошел в деятельности» [2]. В формате брейн-ринга у членов команд появляется возможность запомнить и в дальнейшем творчески использовать 90% материала, у болельщиков – как минимум, 50%, так как первые нашли ответы на поставленные вопросы в результате собственной творческой деятельности; вторые же были как реципиентами (в течение времени брейн-ринга и работы команд), так и активными участниками. Результаты проведенного нами опроса студентов (было охвачено 100 студентов, из них 20 – участники игры и 60 – болельщики) показали, что 72,3% респондентов выставили брейн-рингу оценку «отлично», 27,7% оценили данный вид внеаудиторной работы на «хорошо». Оценок



«удовлетворительно» и «неудовлетворительно» зафиксировано не было. Следовательно, данный вид интерактивной внеаудиторной работы можно оценить как перспективный для повышения познавательного интереса и активности студентов.

### ЛИТЕРАТУРА:

1. Корнеева Л. Интерактивные методы обучения. // Высшее образование в России. – 2004. - №12. - С. 105-108.
2. Лашкина Т.Н. Роль интерактивных форм обучения в повышении познавательной активности учащихся
THE ROLE OF LINGUO-CULTURAL ANALYSIS OF TEXTS

IN TEACHING FOREIGN LANGUAGE

L. ATKHANOVA

*ABAI KAZNPU*

Ішкі форманның маңызды элементтеріннің жиынтығы, басты тақырыпты қоса мәтіннің тақырыбын құрайды. Тақырып – бұл мәтіннің түпкі ойымен салыстыруға келетін тұжырымдалған мазмұн. Бірақ тақырып мәтіннің түпкі ойымен толығымен сәйкес келмеуі мүмкін, бірақ сонда да ол белгілі бір дәрежеде оны сипаттамайды. Мәтінді түсінуде ішкі байланыс үстем болады. Ішкі байланыс бір заттың тұтас бейнеленуіне негізделеді, ол бүкіл мәтін арқылы өтіп барін бір жерге жинақтайтын «өзекше» болып табылады. Суреттеудегі «өзекшелік» жағдай, мәтін туған кезде, оның мазмұны автордың оперативті зердесінде, осы процесс өткенге дейін баяндалуымен анықталады.

И.А. Зимняя, Н.В. Рафикова, А.Н. Соколов бірінші орында пәндік –тақырыптық саланы суреттейтін бұтарланбаған, бүтін мағыналы түпкі ой, бейне, көрініс ретінде қарастырады өйткені, пәндік көріністер мәтіннің тепе –теңдігін сақтайтын алғашқы элементтері ретінде болады [1; 5-33].

А.Г. Асмоловтың пікірінше адамның жадысы бұл оқиғаларды құрастыратын шығармашылық процесс. Жадының маңыздылығы жайлы А.А. Залевская және Н.В. Рафикова көрсеткен, олардың ойынша этолондар, сөйлеу штамптары, жоғары жиілікті сөз тіркестері, фразеологиялық бірліктер жадыда сақталады.

А.И. Новиковтың анықтауынша мәтіннің мазмұны айқын түрде мүшеленіп, өзінің заңды сызықты заңдылықтарымен ұйымдастырылуы қажет. Бұл мәтін пайда болғанда мазмұнның



элементтерінің дұрыс айқындалуының кейбір сұлбанның қажеттігін көрсетеді. Бұндай схема мәтіннің композициясын құрайды. Жалпы түрде ол түпкі ойда көрініс табады [2; 211].

Бейненің ерекшелігін жетірек В.К. Вилюас талқылайды. Автордың ойынша «субъективтік бейнеде әрбір мазмұн екі кейіпте болады»: когнитивті мінездемелердің негізінде немесе күйзелу сезімі түрінде [3; 46-60].

У.Кинч шығару және түсіну процесстерінде әр –түрлі эмоционалды- бағалау күйзелістерін тарту арқылы түрлі вербалды және бейвербалды тіректердің өзара әрекетесуі орын алады [4; 77].

Түйіндік білімге тірек ету бұл адамның кез-келген әрекетінің жетістігінің шартындай болады. Бұл қағиданы қолдану бірыңғай адамның ақпараттық базасына «шығу» дегенді ұйғарады, бұндай жолдың амалы болып жеке лексиконның бірлігі ретінде сөз пайда болады.

Н.В. Рафикова мәтіннің негіздік проекциясының ұғымы сияқты тірек орының құрылымдық жүйесін кіргізді, оған мағыналық блоктар, басты сөздер кіреді. Мәтінді түсінудегі тірек бірліктерінің қалыптасу процесінде Н.В. Рафикова екі шартты кезеңді бөліп көрсетеді: біріншісіне ассоциативтік аймақтан тірек сөздерді таңдау кіреді, ал екіншісіне мәтіннің мағыналық проекциясында болатын түсіну тірек схемаларының жұмыс істеуімен байланысты [4; 144]. С.И. Горохова фрейм –тәсілді ең төменгі керекті құрылымдық ақпарат деп түсіне отырып қолданады, бұл тәсіл сәйкес объектілердің түрін белгілейді [5; 74].

Мәтіннің кейбір бөліктері өңделіп тез арада мәтіннің басқа бөліктеріне бірігеді, оның өңделуі адам жадысында жасалады. Кейде оқырмандар созбақтау стратегиясын қолданады немесе ахуалдың моделін құрастырып оқуды жалғастырады, ешнарсені түсінбесе де келесі мәтін жағдайды айқындайды деп үмітенеді. Мәтіннің кескінін жасау үшін ең маңыздысы ахуалдың моделі болып келеді. Түсіну процессінің тіректі элементі болып нақ өзі қызмет етеді, ал келіп түсетін ақпараттың құрылуына және

таңдалуына әсер етеді. Т.А. ван Дейк мәтінде айтылған жағдайды немесе оқиғаны қайтадан көрсететін кездейсоқ жадыдағы конструкт ретінде ахуалдың моделін айқындайды [6; 79].

Мәтіннің кескіні қай жерде және неге байланысты құрылады? Деген сұраққа жауап бере – мәтіннің кескінінің орны бұл – адам сана сезімі деп көрсеткеніміз жөн. Ол өзіне тән ойлау қабілетімен жасалады. Сананың көрсеткіш тақтасы – бұл индивидтің көп қырлы қызметінің өнімі, ол әрқашан өзара іс – әрекетте болатын перцептивті, когнитивті және аффективті және де психиканың басқа да субъектілерінің, аспектілерінің деңгейінде өтеді.

Жалпы мәтіндегі кілт сөздердің, бірінші, тілдік жүйедегі мағынасына, екінші, оның сөзжұмсамдағы қызметіне, жүзеге асырылуына назар аударған жөн. *Сөздердің жүйелік мағынасы* деп бүкіл тілдік ұжымға белгілі, етене таныс семалар жиынтығын атауға болады. Ал сөз мағынасының белгілі бір салаға және жеке тұлғаларға қатысты тар көлемдегі бөлшектері мағына шеңберінен тыс қалады. Лексикалық бірліктің жүйелік мағынасы өзара әрекеттестікте болатын, өткірлігі мен мәнділігі әр алуан дәрежедегі семантикалық бөлшектердің күрделі кешені болып табылады. Осы жүйелік мағынада тілдік ұжымға етене таныс өзектік семалар да, шеткері семалар да қамтылады. Өзектік семалар белгілі бір тілге тән семантикалық оппозициялар арқылы анықталады. Яғни, олар жіктеу, аражігін ажырату қызметін атқарады. Өзектік семалар кешені сөздердің денотатын анықтауға жол ашады. Көп жағдайда өзек семалар компоненттік талдау арқылы бөлініп көрсетіліп, түсіндірме сөздіктерде беріледі. Шеткері семалар тілдік жүйеде дифференциалдық қызмет атқармайтындықтан компоненттік талдаудан тыс қалады және сөздіктерде де қамтылмайды. Алайда, олар мағынаның психологиялық тұрғыдан маңызды бөлшектері болып қала береді. Қалай десек те, газет мәтінінде сөздің өзекті, актуалды мәні осындай бірнеше семалардың бірігуі арқылы көрініс табады. Сөзжұмсамда сөздердің жүйелік мағынасы екі түрлі жолмен

жүзеге асырылады: біріншісі, сөздердің тура мағынасы арқылы. Мұның өзі іштей дәстүрлі (негізгі өзек семалардың актуалдануы); дәстүрлі емес (шеткері семалардың актуалдануы) деп бөлінеді. Екіншісі, атаулардың ауыспалы мәнде қолданылуы. Жаңа референттердің аталымы. Осы екінші формаға мысал ретінде метафораларды атауға болады. Яғни, газет мәтініндегі кез келген метафоралардың мәнін түсіну үшін студенттерде сол метафораға негіз болған ұғымдар жөнінде және нақты мәтінде көтерілген мәселеге байланысты аялық білім болуы тиіс. Аялық білім дегеніміз – тіл ұстанушының немесе тұтас тілдік ұжымның санасында бар бұрыннан болатын ықтимал білімдер қоры. Қатысымның барнша тиімді болуы саяси дискурстағы тараптардың аялық білімдерінің өзара сәйкес келуі немесе ортақтығы. Лингвистикада осындай тіл ұстанушыға бұрыннан белгілі ақпараттар, білімдер қоры – *пресуппозиция* деп аталады. Прагматикалық қырынан алғанда аталмыш терминдердің арақатынасы тек түр формасында болады. Дәлірек айтқанда, пресуппозицияның шеңбері аялық біліммен салыстырғанда анағұрлым кең.

Ағылшын тілі сабағында жүргізілетін жазу жұмысында білімгерлердің ауызша және жазбаша сөздік қорларын молайтып, сауаттылығын арттыру мен жазбаша мәтін құрауға дағдыландыру үшін білімгерлердің мынадай икемділіктері мен дағдылары қалыптастырылады:

1. Мәтіннің мазмұнын, көлемін анықтай білу;
2. Мәтінді түсініп оқи біліп, мазмұнын игеру;
3. Мәтіннің тақырыбын нақты белгілеп, оған материал жинап, әңгімелей білу;
4. Жазба жұмысының тақырыбына лайықты өз көзқарасын, ойын білдіріп, жаңа пікір қосуға баулу;
5. Жазба жұмыстарда баяндау, суреттеуге машықтандыру;

6. Жазылған жұмыстарды өңдеп, толықтырып, қайта редакциялап жазуға үйрету;
7. Мәтіннің жанрлық, функциональды стильдері бойынша жазбаша мәтін құрастыруға жаттықтыру;
8. Сауатты сөйлеп, қатесіз жазуға баулу.

### *Мәтін мазмұнын игерту жаттығулары*

Бұл жаттығулар қалыпты мәтінді талдап оқуда лингвистикада “формадан - мазмұнға” қарай әдісі қолданылады. Өйткені, мәтін – лингвистикада сөйлемнен жоғары бірлік ретінде қарастырылады. Ал лингвистикалық бірліктердің – сөз, сөйлем – формалық құрылымынан мазмұнына қарай қарастырылатыны белгілі. Осындай мәселелермен байланысты Х.Вайнрих, қарапайым-мәтіндерді (тексты-примиты) қарастыру қалыпты мәтіндерді талдайтын лингвистика ғылымында қалыптасуы қиын болып келетіндігін айтады [6; 55].

Ал қарапайым-мәтіндерде “мазмұннан-формаға қарай” әдісі негізгі орында тұрады. Өйткені мұнда басты мәселе – қарапайым түрде берілген мәтіннің мазмұны түсінікті (біршама дәрежеде, әрине) ал қалыпты түрде болса, қандай құрылымда, қандай байланыстар арқылы тұтастық жасалар еді деген мәселе қарастырылады. Бұл, негізінен, психолингвистикалық бағыт болып табылады. Өйткені мұнда мәтіннің байланыстылығы емес, тұтастығы бірінші алынып отыр. Осы ретте гештальт мәселесі туындайды. Гештальт теориясы бойынша қарастырсақ, мәтін – тұтастық күйде беріледі, оны талдау арқылы қандай байланыстар болуы мүмкін екендігін ғана анықтай аламыз. Осымен байланысты, психолингвист ғалымдар “текстер парадигмасы”, “текстер синонимиясы” деген ұғымдарды да қарастыру қажеттігін айтады.

Осы ретте “тірек сөздер” және қарапайым-мәтіннің жасалу мәселесі қарастырылады. Өйткені “тірек сөздер” “қарапайым-мәтіннің” ерекшелігін құрайды. Бұл айтылғандардың барлығы психолингвистиканың тереңдетіле қарастыратын мәселелері болғандықтан, қарапайым-мәтін туралы қысқаша тоқталып өттік.

Мәтін – тек сөйлеудің туындау үдерісінің жемісі ғана емес, сонымен қатар, қабылдау жемісі болып табылады. Сондықтан да мәтінді екі жақты тану маңызды орын алады: біріншісі – айтушының тұрғысынан, екіншісі – тыңдаушының тұрғысынан қарастыру. Кейбір психолінгвистикалық ғалымдар мәтіннің байланыстылығын айтушы сөйлеуімен байланыстырса, мәтіннің тұтастық сипатын тыңдаушы қабылдау ерекшелігімен байланыстырады [8; 12]. Сонда айтушы өзінің тұтас мәтінін тыңдаушының қажеттілігіне байланыстыра туғызады. Өйткені айтушы әрдайым өзінің тыңдаушысының даму дәрежесі мен сөз түсіну деңгейін ескеріп отырады.

Тыңдаушы тұрғысынан келсек, берілген мәтінді түсіну оны қабылдаудан басталады. Түсіну үдерісін О.М.Копыленко үш бөліктен тұрады деп анықтайды: 1) қабылдау; 2) қабылдағанды түйсіну; 3) қабылданған және түйсінілгенді өзіндік дәрежеде түсіну [38; 26]. Тыңдаушы тұрғысынан талдау барысында тіл бірліктері емес, сөйлеу бірліктері танылады дейді осы автор. Шындығында, тыңдалған мәтіндегі сөздердің, сөз тіркестерінің қалай байланысқандығы, сөйлем құрамында қалай орналасқаны орын алмауы керек деген оймен келісу қиындау. Бұл жерде сөйлеу синтаксисі мен тіл синтаксисінің жігін нақты ажырату мүмкін емес. Сондықтан біржақты пікір айту да қиын. Ал енді “жазушы-оқушы” жүйесіндегі мәтін өзіндік ерекшеліктері болашақта лингвистикада терең зерттелуі қажет. Өйткені мәтін синтаксисінің ерекшеліктерін тану – оқыту әдістемесіне де үлкен жетістіктер алып келеді.

Мәтінге жоспар құру барысында студент екі жақты әрекет жасайды: оның бірі – тұтас мәтінді бөлшектеу жолын танып жатады, екіншісі – мәтіннің мәнісі жағынан жуық келетін бөліктерін топтап, жинақтап жатады. Сонда, жоспар құру анализ бен синтездің қатар жүруін қажет ететін логикалық амалдар екендігін танимыз. Құрылымдық жағынан бөлшектеп жатқанымен, сол бойда мән-мағыналық жағынан топтап жатады.

Мәтінге жоспар құрғызуды студенттердің танымдық әрекеті деп тану осыдан келіп туындайды. Өйткені тұтас пен бөлшектің ара

қатынасы және тұтастықты құрап тұрған ішкі байланыстарды анықтау – студенттің таным қызметінің нәтижесі.

Мәтінге жоспар құруды үйрену арқылы студент берілген материалдың ішіндегі ең мәнді, маңызды, яғни ойдың дәнін тану жолын меңгеретінін ұмытпау керек. Алғаш жоспар құруды үйренген кезде студент маңызды емес, жанама белгілерді алдыңғы кезекке қоюы мүмкін. Мысалға, ол бір заттың айрықша белгісі болуы да, немесе студентке таныс емес, айтылуы күрделі сөз болып та көрінуі мүмкін. Бірақ мәтінді тұтас қайта-қайта оқып, дауыстап оқып, одан мазмұндау барысында студенттің санасында үлкен мазмұн біртіндеп компрессиялана бастайды да, нәтижесінде студент жоспарды немесе тезисті “жасай бастайды”. Бұл – біліктілікпен (интеллект) тығыз байланысты ой амалдары деп саналады.

Мәтінге жоспар құрғызуда студенттер орындайтын, оларды қалыптастырылуы тиіс деп саналатын логикалық амалдар мыналар: тұтас мәтінді мағыналық бөлшектерге бөлу; негізгі ойды іріктеп, анықтау; бөлшектерге тақырыпшалар беру; оларды жоспар түрінде ретке келтіру.

Жоспар құру үшін, сонымен бірге жоспардың түрлерін де тану керек. Олар:

- жоспарды сөзбен құру, мұның өзі жай жоспар, күрделі жоспар, кеңейтілген жоспар болып бөлінеді;
- сурет арқылы жоспар құру;
- танымдық жоспар құру.

Негізінде жоспар құру барысында студенттердің ой қызметі жетіледі. Студент мәтіндегі берілген материалдың мазмұнындағы түйінді ой мен қосалқы ойды ажырата ала ма, ол үдеріс қалай өтіледі, ойлау қызметі қаншалықты өсіп-жетілді, жазушы адамның тілдік қызметінің нәтижесі (яғни мәтін) екінші адамға қалай аударылып шешілді деген маңызды сұрақтарға оқытушы студенттің мәтінге жоспар құру қызметінен, соның нәтижесінен жауап іздейді.

Бірақ сол жақсы нәтижеге жету үшін оқытушы соған жететін баспалдақтарды қалауы тиіс екендігі есте тұрады.

Берілген мәтінге мәндік тұрғыдан (смысловое) қайта шолуға мүмкіндік беретін ақыл-ой әрекеттерінің сипатын осы ғалымдар мынадай деп таниды: тұтасты мәндік топтарға бөлу; мәтіннің құрылымын сол мәндік топтар арқылы топтау; есте сақталуы қажет материалдың жекелеген бөлшектерін бір-бірімен сәйкестендіру; есте сақталатындарды бір-бірімен және өзінде бұрыннан бар таныс мазмұнмен байланыстыру, үдеріс жаңаны есте сақтауда тірек болады; көрнекі бейнелерді тірек ету; метафоралық ойлау қызметін белсендіру т.б.

Мәтінге жоспар құрғызудағы әрекеттің бірі мәнді топтарға бөлу – жұмыстың алғашқы сатысы ғана. Бұл әлі есте сақтау емес. Өйткені ол студенттің өз бетімен орындайтын дағдыларының қатарына енген жоқ. Сондықтан да логикалық бірізділікпен жүргізілетін оқытушы жұмысының түпкі нәтижесі ғана студенттің мәнді есте сақтауы, оны бөлуі мен мазмұндық жағынан тығыз түрде жүйелей алуы сияқты маңызды қабілеттерді қалыптастыратын болады.

Жоғарғы оқу орындарында ағылшын тілін жүргізу оқытушылардан көп дайындықты талап етеді. Оқытушының еңбегінің табысты болуының қайнар көзі студенттің ана тілі мен ағылшын тілі арасындағы әр қилы ұқсастарын, айырмашылықтарын есепке ала отырып, соларға негіздей оқытқанда ғана сабақ табысты да тиімді болады. Оқутәрбие жұмысының негізі- сабақ. Сапалы сабақ оқу тәрбиесінің нәтижелі болуына тікелей әсер етеді.

Сабақ үстінде студенттің жүйелі жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызу, сабақтың тақырыбына сай нақтылы міндет қоя білу- ол әр қайсы оқытушының шеберлігіне байланысты. Өйткені студенттерді терең әрі жинақты біліммен қаруландыру, олардың шығармашылық қабілетін, қызығушылық талғамын дамыту, өз бетінше білімін толықтандыруға дағдыландыру сияқты күрделі жұмыстар сабақ барысында қалыптасады. Бұл әрбір оқытушыны

ойландырып, жаңаша жұмыс істеуге, жаңа ізденістерге жетелейді. Әрбір оқытушының негізгі алға қойған міндеті-шәкірттерінің ой-өрісін кеңейтуге, биік адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру.

Тілді оқытып, үйретудің сапасын арттыру әр түрлі жағдайларға байланысты. Жоғарғы оқу орындарында оқытылатын ағылшын тілі пәнінің түпкі мақсаты- студенттерге ағылшын тілін меңгерту, ойлау қабілеті мен сауаттылығын арттыру, ағылшын тілінде сөйлеп, жаза білетін дәрежеге жеткізу.

Сабақ өткізу, оқыту барысында өткізілетін ең күрделі жұмыс түрлерінің бірі - сабақта мәтінмен жұмысты ұтымды ұйымдастыру. Мәтінмен жұмыс дегеніміз - сабақта өтілетін әр түрлі жұмыстардың жиынтығынан құралады. Олар:

1. дыбыстармен жұмыс
2. сөздіктермен жұмыс
3. сөздік қорларын жетілдіру
4. тіл дамыту
5. ережемен жұмыс
6. ауызша сөйлей білуге дағдыландыру

Лексиканы оқу арқылы студент сөз жүйесін түсінеді, әрі сөздің орынды қолданылуы арқылы ойды толық және дәл жеткізуге, қызмет ететін сан алуан мағыналы сөздерді жете түсініп, талдап, таңдап қолдана білуге, көркем шығарманың жерлігін түсінуге дағды алады.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Зимняя И.А. Смысловое восприятие речевого сообщения. - М., 1998. – С. 5-33.
2. Новиков А.И. Семантика текста и ее формализация. – М.: Наука, 1998. – 211 с.



3. Вилюнас В.К. Перспективы развития психологии эмоций // Тенденции развития психологической науки. – М., 1989. – С. 46-60.
4. Kintsh W. Comprehension: A paradigm for cognition.- Cambridge: Cambridge Univ.Press, 1998. p. 77.
5. Рафикова Н.В. Психолингвистическое исследование процессов понимания текста. Тверь: Тверь.гос.ун-т, 1999. – 144 с.
6. Горохова С.И. Психолингвистические особенности механизма порождения речи по данным речевых ошибок: автореф. ...канд.филол.наук. – М.,1986. С.74
7. Т.А. ванн Дейк. Язык. Познание. Коммуникация. БГК им. И.А. Бодуэна де Куртенэ, 2000. – 79 стр.
8. Вайнрих Х. Лингвистика лжи// Язык и моделирование социального взаимодействия. Москва, 1987. – 55 с.
9. Вайсбурд М.Л. Требования к текстам для самостоятельного (синтетического) чтения на английском языке. - М. – 1955. – 12 с.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ  
ШЕТЕЛ ТЫҢДАУШЫЛАРЫНА ҚАЗАҚ ТІЛІН  
МЕҢГЕРТУДЕГІ МАҢЫЗЫ

М.Н. ИБРАГИМОВА (*преподаватель*), Г.М. МУЖИГОВА (*преподаватель*)  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. АЛЬ-ФАРАБИ

THE IMPORTANCE OF USING NEW TECHNOLOGIES IN THE STUDY OF  
KAZAKH LANGUAGE BY FOREIGN STUDENTS

M.IBRAIMOVA, G.MUZHIGOVA  
AL-FARABY KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

80-жылдық тарихы бар әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін «Ұлағатты ұстаздар ордасы» деп айтуға тұрарлық. Университетімізде білікті де білімді, өз пәнінің мамандары жұмыс атқарады. Олар кез-келген пән бойынша білім берудегі жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланудың бағыттарын табысты және белсенді дамытуда.

ҚазҰУ-дың Жоғарғы оқу орнына дейінгі білім беру факультеті шетел тыңдаушыларына, соның ішінде шетелден келген қандастарымызға білім беруде жоғары нәтижеге ие. Факультетіміздің міндеті – тыңдаушыларды біліммен сусындатып қана қоймай, олардың көзі ашық, зиялы, адамгершілігі мол, жауапкершілікті мойнына ала білетін тұлға ретінде қалыптасуына септігін тигізу.

Қазіргі кезде шетел тыңдаушылары мен шетелден келген қандастарымызға қазақ тілін меңгертуде кез-келген пән бойынша жаңа технологияларын қолдану әдісі өте тиімді деп айтуымызға болады. Қазақ немесе орыс тілдерін түсіндіруде компьютерлік технологияларды пайдалану оқытушының уақытын үнемдейді және тыңдаушыға сабақты оңай түсінуге мүмкіндік беретіні айдан анық. Сондықтан оқытушылар өз сабақтарында компьютерлік технологияларды үздіксіз пайдалануда. Сонымен қатар басқа пән оқытушылары да тілді меңгертуге өз үлестерін қосуда. Мысал ретінде тарих пәнінің оқытушылары өз сабақтарында проектормен слайдтар жасап көрсету арқылы

тілдік қорының толығуына көмектеседі. Суреттерді слайдтармен көрсетіп ол суреттегі бейненің шетел тыңдаушысының тілінде қалай аталатындығын талдап, түсіндіруге әрекет жасау – өзге елден келген тыңдаушыларға сабақты түсінуіне зор мүмкіндік береді.

Шетелден келген қаңдастарымызға ана тілімізді меңгерту де үлкен проблемалардың бірі болып табылады. Мысалға Қырғызстан, Өзбекстан, Монғолия елдерінен келген қазақ диаспора өкілдерінің басым көпшілігі орыс тілдерін жақсы біледі де ана тілін шала біледі. Бұл жағдай кеңестік дәуірде орыстанып кеткен қалаларымызды қалай қазақтандырамыз деп жүргенде жанымызға қатты батады. Өздерін қазақпын деп орыс тілінде ғана сөйлейтіндерінің келешегі бізді ойландырмай қоймайды. Ал Қытайдан, Түркменстан елдерінен келген қаңдастарымыз қазақ тілінде сөйлеп, орыс тілінде ақсайды. Алайда олар қазақ тілінде сөйлегенімен орфографиялық қателерді көп жібереді. Өйткені Қытайда олар қытайша немесе қазақша оқыса да төте жазумен жазғандықтан кириллица әріптерінде жазу оларға қиынға соғады. Мысалға тарих пәнінен сабақ түсіндіргенде тез жазып алуға қиналады. Сондықтан да факультетіміздің тіл мамандары шетелден келген қаңдастарымызға қазақ және орыс тілдерін сауатты меңгеруіне барын салады. Ал басқа пән оқытушылары тыңдаушылардың білгендерін ұштастырады. Ең алдымен қазақ тілі мамандарының тілді меңгертудегі әдіс-тәсілдеріне тоқталатын болсақ, бұл істердің жемісті болуы, алдымен оқытушылар қауымының белсене қатысуына, өз тәжірибелерімен, соны шығармашылық ізденістерімен, пікір, ойларымен дер кезінде бөлісіп отыруына байланысты. Қазақ тілін оқытудың басты мақсаты ауызекі сөйлескенде мүдірмейтін, біздің тілімізде жазып қоймай, ойлай да білетін, дүниетанымымыз бен салт-дәстүрімізді сыйлап әспеттейтін әрі бүкіл болмысына адамгершілік рухы дарыған шәкірт дайындау. Оқытушының еңбегі алдындағы тыңдаушысының білімімен өлшенуі тиіс деп ойлаймыз. Бұл жолда қандай тәсілдер,

көрнекілік қолдануға оқытушының толық еркіндігі болуы керек. Тілді оқытудың, дәстүрлі тәсілдік қолданыстарын сараптап, саралай түсу және де қазақ тілін өзге тілді дәрісханаға енгізудің ғылыми жүйесін тереңдете түсу сияқты сындарлы істерді жалғастыра беруді көздеп отырмыз.

Қазақ тілін шетел дәрісханаларда оқытудың көптеген әдістері бар. Соның ішінде қазақ тілін қарым-қатынастық мақсатта оқыту – өте маңызды мәселе. Өйткені бүгінгі таңда қазақ тілін іс жүзінде күнделікті тұрмыс-тіршілікте, ғылыми, қоғамдық-саяси мақсатта пайдалану қажеттілігі туып отыр. Тілдік жағдайды ескере отырып, қарым-қатынаста рөльдік ойындарды пайдалану орынды. Мұндай ойындар кез келген оқу үрдісінде дәріс алушыларды жаттықтыруда, олардың игеру қабілетін арттыруда ұтымды рөл атқарады. Тілдік қарым-қатынастағы жаттығуларды одан әрі қалыптастыруда рөльдік ойындардың қосар үлесі қомақты. Рөльдік ойындар белгілі бір мақсатта, тілді меңгеруге деген ынтазарлықты оята отырып, орындаушылық қабілетке де жетелейді. Оның мәні ойын барысында дәріс алушының тілдік қатынас жасауға деген талабын ашуда. Қажетті сөздерді үйренсем, тауып алсам деген ойды да туғызады. Осындай ойындық жағдайда ғана қарым-қатынастық, тілдік қатынастар ерекше маңызға ие болады. Үйренушінің сөздік қорын молайта түсіп, өз бетінше тілді үйренуге үлкен септігін тигізеді. Дәріс алушылар, мысалы, дыбысты, әріпті, сөз тіркестерін, грамматикалық формаларды меңгерді-ау деген кезде бастаған жөн. Әрбір ойын белгілі бір мақсатты, мүддені көздеуі керек.

Сабақ барысында оқытушы жаңа сөз тіркестерін, оның айтылуын үйрете отырып, аудармасына да тоқтала кетеді. Бұл жерде түрлі диалогтар ұйымдастыру, этюдтер мен сахналық маңызы бар ойындарды ойнау қызықты. Сөз тіркестерін меңгерудегі ойынды дайын сөз формуласы десек, ал әңгімелесіп отырғандардың өздері автор болатынын ескерсек, онда өз қалауы бойынша ойын білдіре отырып, тілдік әдістерді,

оның формаларын өзі таңдап алады. Бұл әдіс-тәсілдер, негізінен тұрмыстық, қоғамдық-саяси, ғылыми, кәсіптік қарым-қатынасты ойдағыдай жүзеге асыруды көздейді.

Ал тарих сабағында қазақ диаспора өкілдеріне лекция оқығанда олар жазғандарын кейде өздері түсінбей жатады. Осы кезде слайдтармен жасалған лекция оларға тақырыпты дұрыс көшіруіне мүмкіндік беріп, олардың көріп есте сақтау қабілетін арттырады. Олардың тарихи терминдердің дұрыс жазуына көңіл аудартады. Мысалға қала атауларының, тархи тұлға есімдерінің, тархи терминдердің дұрыс жазылуына көңіл аударуымыз қажет. Өйткені осы мәселе тыңдаушылардың тест тапсырған кезінде алдарынан үнемі кездесіп отырады. Егер жаңа жоғарыда аталған терминдердің дұрыс жазылуын білмесе тыңдаушы сол сұраққа көп уақыт жоғалтуы мүмкін. Ал бұл атауларды тақтаға үнемі жазып отыру оқытушы мен тыңдаушының уақытын алады. Сол себепті осы мәселеде де компьютерлік технологияларды үздіксіз пайдалану көп көмегін тигізеді.

Шетелден келген өзге ұлт өкілдеріне тарихты лекция түрінде ғана оқыту бұл қателік. Өйткені тарихымызға қатысты дүниелердің барлығын құр сөзбен айтып жеткізе алмаймыз. Олар оның аудармасын күтеді. Бұл кезде де бізге проектор арқылы слайдтармен тарихи суреттерді көрсету арқылы түсіндіру тыңдаушыға сөздік қорының дамуына ықпал етеді. Мысалға ежелгі кездегі адамдардың тұрмыста пайдаланған заттарын, тұрған жерлерін слайдтағы суреттер арқылы көрсетіп, «бұл не?» деген сияқты сұрақтар қою арқылы, оның жауабын қазақша айтып өз тілдерінде қалай айтылатындығын сұрап, тілдік қорын дамыту технологиясын пайдалануымыз. Бұл кезде де тарих пәнінің оқытушыларының тілді үйретуде өз үлестері бар екендігін көруімізге болады. Сонымен қатар бұл пән оқытушыларымыздың жан-жақтылығын көрсетеді. Осылайша шетел тыңдаушылары мен қазақ диаспора өкілдерінің тілді сауатты үйренуіне факультетіміздің барлық пән оқытушылары

барлық әдіс-тәсілдер мен жаңа технологияларды пайдалану арқылы ат салысады деуімізге негіз бар.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан тарихы. Әдістемелік журнал. 4.2007
2. Құнапина Қ.Қ., Құмғанбаев Ж.Ж., Махаева А.Ш. Қазақстан тарихынан әдістемелік-анықтамалық нұсқау. 2011-2012 оқу жылы. 214-бет.
3. Жолдасбайұлы С. Ежелгі және орта ғасырдағы Қазақстан. А, 1995, 175-бет.
4. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, 3- 2011ж.

ТІЛ ҮЙРЕТУДЕГІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Р.И. ДҮЙСЕНБАЕВА (аға оқытушы)

[raihan-kz@mail.ru](mailto:raihan-kz@mail.ru)

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫҢДАҒЫ ҚАЗҰУ

EDUCATIONAL METHODS IN TRAINING THE LANGUAGE

R.DUYSENBAEVA

AL-FARABY KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

Сөйлеу қабілетін дамытатын грамматикалық, фонетикалық, лексикалық және орфографиялық ойындар екенін білеміз. Бұл ойындар «Дайындық ойындары» деп аталады. Күнделікті сабақта грамматикалық материалдарды бірнеше рет қайталау өзінің біркелкілігімен тіл үйренушілерді жалықтырып жібереді, жіберілген күш тез арада өз нәтижесін бермейді. Ал ойындар күнделікті тапсырмаларды қызықты етіп өткізуге көмектеседі. Грамматикалық ойындардан кейін лексикалық ойындар жүреді. Фонетикалық ойындар сөйлеу қабілеті мен білігін дамыту кезеңінде дыбыстарды дұрыс айтып үйренуге арналады. Соңында жүргізілетін орфографиялық ойындардың мақсаты – лексика бойынша оқылған сөздердің дұрыс жазылуын үйрету болып табылады.

Шығармашылық ойындардың мақсаты – сөйлеу қабілетінің ары қарай дамуына ықпал ету. Тез ойлауға, қарым-қатынаста ойланбай жауап қайтаруға, әр түрлі жағдайлардан тез шығуға көмектеседі.

Дидактикалық ойындар тіл үйренушілердің ой-өрісін дамытып, ойлау қабілетін артыруымен қатар, үйретілген, өтілген тақырыптарды саналы да берік меңгеруге үлкен әсер етеді. Ойындар тіл үйренушілердің шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдірумен қатар, сөздік қорларын молайтып, сауатты жазуға да баулиды. Тіл үйренушілер ойын ойнау барысында үйренген сөздерін айтып қана қоймай, оның қандай мағынада қолданылатынын да білетін болады. Ойын оқу

пәндерінің мазмұнымен тығыз байланыста жүргізілгенде ғана дұрыс нәтижелер береді.

Іскерлік ойындар – тіл үйренушілердің сөйлеу қабілеттерін жетілдіретін, дамытатын тиімді тәсіл. Сабақ барысында іскерлік ойындарды қолдану арқылы тіл үйренушілерге сөйлеу үлгілері меңгертіледі. Мұндай ойындар жасқаншақтық, ұяңдық қасиеттерін жойып, олардың қиялына ерік береді.

Ойында келесі маңызды міндеттер: тіл үйренушінің қоғамдық қатынастарға бейімделуі, жалпы адамзаттық мәдени құндылықтар мен әртүрлі ұлт өкілдерінің мәдениеттерін меңгеруі, тіл үйренушінің шынайы адамгершілік коммуникацияға енуіне мүмкіндік беретін коммуникативті іс-әрекеттерінің көрініс табуы жүзеге асырылады. Тіл үйренушінің әр қырынан көрінуіне интеллектуалдық, шығармашылық, коммуникативтік жағынан және әртүрлі қиындықтарды жеңуіне жағдай жасайды.

Біздің қазақ тілін шет тілі ретінде үйрету сабақтарымызда әрбір тіл үйренушінің сабаққа белсенді қатысуына, ауызекі сөйлеуге құлшындыратын, қазақ тілін оқып үйренуге талпынысы мен қызығушылығын арттыратын әдіс-тәсілдер түрі ерекше орын алады. Бұл міндеттерді сабақта оқытудың ойын әдістерінің көмегімен шешуге тырысамыз. Алайда, ойын әрекетін қандай мақсатта қолдануға болады? Қандай деңгейде? Сабақтың қай кезеңінде? Қай кезде жақсы нәтиже береді деген сұрақтар әрбір оқытушыны толғандыратыны сөзсіз.

Ойынды мынадай мақсаттар қойып пайдалану керек деп ойлаймыз: - алфавитті және лексиканы меңгерту, қарым-қатынас жасай алуға үйрету;

- тілдік материалдарды есте сақтау, белгілі бір тілдік білімді дамыту;

- қажетті психикалық қызметтер мен қабілеттілікті дамыту, білім беру.

Сондай-ақ, ойын арқылы қызықсыз тақырыптарды жеңіл, оңай меңгертуге болады. Сондықтан алғашқы деңгейдегі тіл



үйренушілер сабағында жұмбақтар, сөзжұмбақтар, лото, лингвистикалық ойындар, бөлмедегі жиһаздарды орнына қою, жануарлар мен көкөністер, дүкендерді аралау, телефонмен сөйлесу, т.б. түріндегі ойындар беріледі.

Ойынды сабақтың әр кезеңінде пайдалануға болады. Мысалы, ұйымдастыру бөлімі кезінде фонетикалық рифмовка алуға болады. Жарыс түрінде өткізсек (Кім өлеңді бірінші жаттайды?), тіл үйренушілер өлеңді жарыса отырып қалай жаттап алғандарын байқамай қалады.

Тиімді қолдана білген ойын арқылы білім беру сапасын арттыруға болады:

- тіл үйренушілердің сабаққа қызығушылығы артады;
- қиын грамматиканы оңай, әрі қызықты етіп түсіндіруге болады;
- тіл үйренуші белсенділігі артады;
- материалды меңгеруге түрткі болады.

Ойын әрекетінсіз қазақ тілі лексикасын тіл үйренушінің есінде қалдыру тиімділігі аз және ақыл- ой күшін көп қажет етеді. Оқу үрдісіне енгізілген ойын қазақ тілі сабағында оқытудың бір түрі ретінде қызықты, жеңіл және жаңды болуы керек. Ойын оқу үрдісін жеңілдететінін ескеру қажет. Оқытушының сабаққа қойған мақсатына, міндетіне, шартына байланысты ойын түрі өзгертіліп отырылуы қажет. Енді бірнеше ойын түрлеріне тоқталайық.

### *Адасқан әріптер.*

Мақсаты: Ойлау қабілеттерін жетілдіру.

Ойын шарты: Берілген әріптердің орнын ауыстыра отырып, сөз құрау.

Ө, б, м, л, е - бөлме

Т, п, і, қ, а - .....

І, і, б, л, м - .....

М, м, ғ, ұ, а, л, і - .....

Қ, ы, ш, о, т, ы, у - .....

Р, д, ә, п, р, е, т - .....

### *Шашылған дыбыстар.*

Мақсаты: Шашылған дыбыстардан сөз құрастырып, тіл үйренушінің сөздік қорын молайту, шапшаң ойлауға дағдыландыру.

Ойын шарты: Аудиторияда бірнеше топқа бөлініп ойынды жарыс түрінде өткізуге болады.

Шашылған дыбыстардан бірнеше сөздер құрау, мысалы: ы,з ,қ, т,ж,г,і, й,ү дыбыстарынан мынандай сөздер құрауға болады: қыз, жігіт,үй,т.б.

### *Қалалар ойыны.*

Мақсаты: Қала атауларын қаншалықты есте сақтағандарын тексеру. Қала атауларын дұрыс жазуға дағдыландыру.

Ойын шарты: Тор көздің ішіндегі шашыраңқы әріптердің басын қоса отырып, тор көздердің ішінен қала атауларын тапқызу.

С	Т	У	Л	А	М	У	Л	Т
Т	О	Е	А	С	О	А	Н	А
А	Н	К	А	Т	Р	А	А	Р
В	Е	Н	Л	Н	Д	С	Т	А
П	Е	К	И	Н	К	А	Л	З

### *Жалғасын тап.*

Мақсаты: Мақал-мәтелдерді есте сақтау қабілеттерін арттыру.

Ойын шарты: Мақал екі қатарға жазылады. Бірінші қатарда басы, екінші қатарда соңы жазылады. Мақал басы мен соңының орындары ауыстырылып жазылады. Тіл үйренушінің міндеті тілдік сызықшамен қосу арқылы әр мақалдың толық мағынасын шығару.

А) Еңбек	ашу -дұшпан
Ә) Жақсы болсаң	оттан ыстық
Б) Адам деген	бәрін жеңбек
В) Жері байдың	ардақты ат
Г) Ақыл- дос	елі бай,
Ғ) Отан	жақын көп

### Сын есімдер ұясы.

Мақсаты: Сын есімдерді білдіретін мағынасына қарай топтап жазуға дағдыландыру.

Ойын шарты: Тіл үйренушілерді топқа бөліп орындарында отырып жұмыс істетуге болады.

Тақтаға сын есімдер тізбегі жазылады. Әр топқа төмендегідей кесте таратылады.

Заттын түсін білдіретін сын есімдер	Заттың көлемін сын есімдер	Заттың сапасын білдіретін сын есімдер	Заттың дәмін білдіретін сын есімдер	Заттың пішінін білдіретін сын есімдер

Тақтаға мынадай сын есімдер тізбегін жазуға болады: қызыл , ұзын, кір, дәмсіз, ащы, ала, пысық, үшкір, жіңішке, дөңгелек, сопақ, тұщы, , жұқа, т.б.

Қазақ тілі сабағында мынадай ұлттық ойындарды да пайдалану өз тиімділігін көрсетуде. Бір буынды, екі буынды сөздерді оқу, буындарға бөлуді түсіндіру үшін «Сақина салу» деген қазақтың ұлттық ойынын жүргізуге болады . Тіл үйренушінің алдына сақина қойып «май» - деп дауыстайсыз. Сақинаны алған тіл үйренуші «мыл», «шам» - деп дауыстайды. Сонымен маймыл, майшам, майда сөздері шығады. Айтылған бір буынға, екінші буын жалғау керек, мысалы: мы-сық, ма-са, ал-ма, жү-зім

Келесі «*Орамал тастау*» атты ұлттық ойынын да пайдалануға болады

Бұл ойынның шарты: Қатар бойынша 2 топқа бөлінеді. 2 топ арасы он адымдай белгіленген. Екі сызықтың бойына қарама-қарсы қатарға тұрады. Ойын жүргізуші қолындағы орамалын 1-ші топтың өз жағындағы шеткі ойыншыға береді. Ол өзінің қарсыласының біреуіне тастайды да «қала» - деп дауыстайды, ол қағып алып «шық» - дейді немесе «ны», «ға», «ның» - дейді. Сонда «қалашық», «қаланы», «қалаға», «қаланың» тағы басқа сөздер шығады. Сөздер тақтаға жазылады. Яғни айтылған сөзге қосымша жалғау керек, мысалы: «ойын» - деп дауыстаса – «ойыншық», «ойынды», «ойындар» т.б. Орамалды қағып алған ойыншы түбір сөзге қосымша жалғап немесе уақытында тауып айтылмай қалса, жеңіліс табады.

### *Жұмбақтар шешу.*

Төмендегідей жұмбақтар беріліп, мағынасы түсіндіріледі. Шешуге уақыт беріледі.

1. Тиіп кетсе жырлаған, дауысы көпке ұнаған. (Домбыра)
2. Бір кітаптың парағы, күнде азайып барады. (Күнтізбе)
3. Таудан биік, теңізден терең. (Ақыл)
4. Жаңылмастан жетеуі, кезек қызмет етеді. (Апта күндері)
5. Өзім сөзден тұрамын, аяқтаған ойды құрамын. (Сөйлем)
6. Шік түсті, бүк түсті,

Алшы тұрды, тәйке тұрды,

Шеше алады бұны кім. (Асық)

7. Қызыл қырман ойнайтын,

Қай мезгіл деп ойлайсың?(Күз)

8. Аппақ дала, қара дән,

Дәнін сепкен – түсінуге жараған.(Әріптер)

Жұмбақшыға жұмбақ жасырылады, соның тапқан сөзіне мақалшы мақал құрастыру керек.

1. Жарық қылып қос тоғайдың етегін,  
Айтшы ол не екенін? (Көз)

*Көз қорқақ, қол батыр.*

2. Білімнің дәнін тереді,  
Балаға тәлім береді. (Ұстаз)  
*Ұстазы жақсының, - ұстамы жақсы.*

3. Өсіп тұрған бұл не?  
Жаз болса жайнап.  
Саясында ән салып,  
Құстар жүрген сайрап  
Салқын түссе шешіліп,  
Қалады өзі жайрап. (Ағаш)  
*Ағаш тамырымен, адам досымен мықты.*

4. Өзі қысқа, өзі нұсқа,  
Сөз қаймағын есіңе ұста. (Мақал)  
*Мақал – сөздің мәйегі.*

5. Оң жағында бес сарбаз,  
Сол жағында бес сарбаз. (Саусақ)  
*Саусақ бірікпей – ине ілікпейді.*

### ИННОВАЦИОННЫЕ УРОКИ

Г.И. КАРИБАЕВА (учитель русского языка и литературы)

[dasi07@mail.ru](mailto:dasi07@mail.ru)

ОСШ №5 им. М.Ауэзова. ТАЛГАР

INNOVATIVE LESSONS

G. KARIBAYEVA (the teacher)

M. AUYEZOV HIGH SCHOOL № 5. TALGAR

В нашей профессиональной жизни прочно утвердилось понятие "инновации". Русский аналог этому слову – нововведение. Сегодня инновационные явления обнаруживаются во всех элементах педагогического процесса. Так, инновационный урок рассматривают с позиции новых введений в организацию учебного процесса на определенный период времени.

Существует устойчивое мнение, что инновационный урок сформировался на основе новых образовательных технологий в учебно-воспитательном процессе. Это отчасти верно, однако главную роль в развитии урока нового типа сыграли изменения в системе образования последних лет.

Во-первых, увеличился объем новой информации из разных областей науки: философии, истории, географии, литературы, психологии, социологии, технологии производства, экономики, иностранных языков. Какую часть от этого объема предлагать детям; где и как им выбирать необходимую информацию, меняющуюся по содержанию и значимости практически каждый день? Эти вопросы сформировали задачу – обучить школьников умению искать нужную информацию, определять, с какой целью она применяется и распространяется, отличать род информации.

Во-вторых, изменились условия организации обучения: статус школы; образовательные программы, планы и учебники; формы обучения (дневное, заочное, вечернее, экстернат,

домашнее, семейное обучение); оснащение кабинетов техническими средствами. В связи с новыми требованиями социально-экономического характера, влияющими на процесс развития как групповой, так и индивидуальной деятельности учащихся, изменилась и структура организации учебно-воспитательного процесса.

В-третьих, изменились требования к профессиональной компетенции учителя, подходы к обучению. В настоящее время актуальными вопросами в процессе обучения стали: здоровье ребенка; его психолого-педагогические и возрастные особенности; адаптация к очередной ступени, классу, школе, требованиям учителя и т. д.

### **Основа моделирования инновационного урока**

Инновационный урок – это динамичная, вариативная модель организации обучения и учения учащихся на определенный период времени. В его основе могут быть: элементы внеклассной работы, лабораторных и практических работ, экскурсий, форм факультативных занятий; обучение учащихся через художественные образы; раскрытие способностей школьников через активные методы творческой деятельности (при помощи элементов театра, музыки, кино, изобразительного искусства); научно-исследовательская деятельность, подразумевающая активное применение методологических знаний в процессе обучения, раскрывающая особенности мыслительной работы учащихся; применение психологических знаний, отражающих специфику личности учащихся, характер отношений в коллективе, и т.д.

Учитель стремится к прогрессу, хочет изменить свою деятельность к лучшему – именно этот процесс является инновацией. Изобретательная деятельность учителя на инновационном уроке раскрывается в разнообразных, необычных заданиях, неординарных действиях, конструктивных предложениях, занимательных упражнениях, конструировании хода урока, создании учебных ситуаций, дидактическом

материале, подборе научных фактов, организации творческой работы учащихся.

### **Виды инновационных уроков.**

Выделяют следующие виды инновационных уроков: уроки самостоятельной деятельности; исследовательские; на основе групповой технологии; проблемные; дифференцированного обучения; на основе проектной деятельности; уроки-тренинги и др. Рассмотрим некоторые из них подробнее.

Советы учителю по проведению уроков самостоятельной деятельности:

- демонстрировать доверие;
- не мешать при выполнении задания, пока учащийся сам не попросит помощи;
- не критиковать за ошибки;
- вести собеседование в виде уточнения деталей;
- определять конкретный объем работы, для того чтобы ученик мог рассчитать свои силы;
- установить временные рамки для выполнения работы;
- создать условия для осуществления самооценки учащимся результата собственной деятельности;
- определять критерии выполнения самостоятельной работы;
- разработать формы контроля самостоятельной деятельности, критерии оценки результата деятельности учителем.

Уроки самостоятельной деятельности – форма учебного процесса на основе организации самостоятельной работы учащихся. Цель таких уроков – формирование и развитие механизмов независимости школьников, утверждение самостоятельных качеств личности. Такими механизмами могут быть привычки, убеждения, традиции, действия. Данные уроки играют большую воспитательную роль. При подготовке к урокам данного вида необходимо изучить уровни общеучебных умений и навыков учащихся, их способности к самостоятельной работе;



определить содержание и направленность самостоятельной деятельности учащихся. Для каждого ученика разрабатывается модель самостоятельной работы: подбирается технология обучения; объем и содержание учебного материала; литература и дидактический материал; технико-технологические средства учебного процесса. Каждому ученику выдаются соответствующие рекомендации в письменной и устной форме.

На уроках самостоятельной деятельности должны быть четко определены позиции учителя и ученика. Позиция учителя: инициирование субъективного опыта ученика и развитие его индивидуальных способностей в течение учебного процесса; выбор технологии обучения (чему и как буду учить). Позиция ученика: выбор технологии учения (что и как сам буду изучать) на определенный период времени. Уроки самостоятельной деятельности не могут показать полную картину педагогического мастерства учителя, они лишь частично раскрывают аспекты его творчества и самобытности.

Исследовательский урок – это форма обучения школьников на основе познания окружающего мира, организации исследования того или иного предмета или явления. Цель исследовательского урока – использование, развитие и обобщение опыта учащихся и их представлений о мире. В основе такого урока – организация практического лабораторного исследования проблемы, темы или поставленной задачи. Учащиеся на уроке сами подбирают вопросы для изучения, ведут поиск решения проблемы, обмениваются мнениями, экспериментируют, вырабатывая идеальный вариант предложений для изучения. Цель деятельности учащихся на исследовательском уроке – получение конкретного результата (продукта).

Отличительные особенности технологии такого продуктивного (нацеленного на получение продукта) обучения: самостоятельная учебная деятельность школьника, тесно связанная с его реальной трудовой

деятельностью; ориентация учебы и труда на конечный результат; смена урочных, замкнутых форм отношений между педагогом и учащимися на более открытые, направленные на совместную деятельность и сотрудничество. Идеология продуктивного образования раскрывает широкие возможности для обучения учащихся вне стен классов, программ школ. Урок на основе групповой технологии может представлять собой работу в микрогруппах; по вариантам; классный конвейер; зачет в парах и т. д.

Цель групповой технологии – обучение умению работать в коллективе и средствами коллектива. Каждый участник групповой деятельности непроизвольно включается в совместную работу и оказывается перед выбором: либо делать как все, либо определить свое место, роль и функцию в коллективе. Для подростков, стремящихся к самоутверждению среди сверстников, подобное самоопределение в деятельности имеет большое значение.

Опыт показывает, что групповая работа особенно эффективна, если учителем организован процесс распределения учебных заданий и продумана технология обсуждения их в коллективе. Именно сам процесс обсуждения учебных заданий, проблем, научных фактов в ученическом коллективе воспринимается так, как будто бы взрослые советуются с учащимися, спрашивают об отношении к происходящему и прислушиваются к их мнению. Подобная ситуация помогает учащимся целенаправленно осуществлять процесс познания и чувствовать себя более уверенно. Наиболее эффективны уроки групповой технологии на основе методов диалога, собеседования, обмена мнениями, совместной деятельности.

Уроки дифференцированного обучения строятся в соответствии с уровнем развития школьника и уровнем его базовых знаний. Цель дифференцированного обучения – развитие и формирование способностей каждого учащегося. Организация учебной деятельности на таких уроках специфична

и требует рассмотрения индивидуальных принципов обучения, а также совершенствования теоретического и практического материала учебно-воспитательного процесса на уроке.

Самый распространенный тип таких уроков – урок, предполагающий работу учащихся в малых группах с несколькими уровнями знаний (уровневая дифференциация обучения). Условия реализации таких уроков:

- определение уровней знаний учащихся и их способностей к обучению;
  - выделение базового объема знаний, необходимого для закрепления;
  - определение способов учения для каждого ученика;
  - подготовка дидактического материала;
  - подготовка блоков учебного материала;
  - установление регламента для выполнения тех или иных заданий;
- определение механизма контроля учебных действий учащихся во время самостоятельной работы с целью обозначения дальнейших шагов или этапов организации обучения.

Уровень знаний детей и их способности к обучению – главный показатель, на основе которого педагог должен организовывать учебный процесс. На уроках дифференцированного обучения процесс освоения определенной темы, раздела может повторяться несколько раз, до тех пор пока школьник не научится определенным действиям.

Проблемные уроки – форма организации обучения учащихся на основе создания проблемной ситуации. На таком уроке перед школьниками либо ставится, либо вместе с ними определяется проблема. Цель проблемного обучения – активизация познавательной сферы деятельности учащихся на основе выявления причинно-следственных связей.

Уточним, чем отличается проблема от задачи. Проблема –

это противоречие, которое может проявляться в каких-либо действиях, явлениях, фактах. Сама проблема не имеет выраженных условий протекания. Задача обязательно имеет какие-либо условия, раскрывающие характер действия, события, явления, и требует исполнения. Например, ситуация 1 – пожар (предмет – ОБЖ). Условия проблемы не ясны. Возникает ряд вопросов: что горит? почему горит? где горит? что делать? Ситуация 2: горит квартира на первом этаже кирпичного здания на улице Лесная, д. 3. Данная задача уже относительно понятна, поскольку раскрыты условия процесса пожара. Соответственно, понятны и действия спасательной службы.

Проблемное обучение – это технология обучения умению видеть и выделять противоречия по конкретному предмету, а также умению решать проблемы. Проблемные уроки по своей структуре немного напоминают психологические ситуации, которые имеют своеобразную конструкцию деятельности. Искусство учителя заключается в том, чтобы дать учебный материал как неизвестные знания, которые школьники должны открыть для себя сами.

Проблемное обучение – это, прежде всего, обучение умению находить новые способы решения сложившихся противоречий. Задача учителя – организовать учебную деятельность на основе активизации мышления учащихся на всех этапах урока. Характер познавательной деятельности учащихся может быть различным: одни решают, используя вопросы и ответы; другие – методом анализа ситуации; третьи – методом диагностики и выводов; четвертые – подбором и т. д.

Без знаний закономерностей мыслительной деятельности обучающихся дать урок проблемного обучения практически невозможно.

Урок-тренинг – форма организации учебной деятельности учащихся на основе процесса отработки определенных действий и закрепления учебного материала. Цель этой технологии – приобретение учащимися определенных умений и навыков при

помощи неоднократного повторения одних и тех же знаний или действий. Эта специфическая тренировочная деятельность может быть как индивидуальной, так и групповой. Индивидуальные уроки-тренинги отличаются от групповых спецификой проблем. На уроках-тренингах групповой технологии рассматривается проблема, характерная для всех участников учебно-воспитательного процесса, на индивидуальной – для конкретного учащегося.

Принципы ведения уроков-тренингов подбираются или разрабатываются учителем в зависимости от характера проблемы, социально-педагогических условий ведения, а также целей и задач закрепления изученного материала. Для таких уроков разрабатываются критерии действий учащихся как эталон умений, на занятиях раздаются печатные образцы разных видов деятельности. Например, образец выполнения одного упражнения; образец выполнения другого более сложного задания. Данные образцы помогают детям быстрее и эффективнее приобрести тот или иной навык или умение. Учитель помогает учащимся отслеживать процедуру выполнения конкретного задания, выявлять ошибки в учебных действиях и обязательно осуществляет измерение и оценку деятельности, без которых невозможно определить результат достижения.

На уроке-тренинге учащимся приходится выполнять однообразную работу, поэтому опытные учителя всегда используют элементы педагогического творчества, например: подбор необычных заданий, дидактического материала; организацию соревнований, взаимного контроля и т.д.

Уроки на основе проектной деятельности предусматривают развитие познавательных навыков учащихся, умения самостоятельно конструировать свои знания, анализировать полученную информацию, выдвигать гипотезы и находить решения. Использование метода проектов делает учебный

процесс творческим, целенаправленным, а ученика – ответственным и целеустремленным. Обязанность учителя – подготовить всех учащихся к активной для каждого, но обязательной познавательной деятельности.

Преимущества метода проектов: системное закрепление знаний по другим учебным предметам. Часто знания, необходимые ученикам для работы над проектом, "подстегивают" его интерес к другим дисциплинам; развитие навыков и умений планирования, исследования и систематизации полученных данных; развитие социальных (работа в команде) и физических умений и навыков; развитие уверенности в своих силах. Дети учатся подходить к окружающему их миру творчески, обретают уверенность в том, что они могут улучшить свою жизнь и жизнь других людей.

ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ- ОҚУШЫЛАРДЫҢ  
САБАҚҚА ДЕГЕН ҚЫЗҒУШЫЛЫҒЫН,  
ТІЛІН ЗЕЙІНІН ДАМУЫ ҚҰРАЛЫ

М.Қ. КАТЕНОВА (Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі)

ҚАУ ЖАНЫҒДАҒЫ МЕКТЕП

GAME TECHNOLOGIES AS MEANS OF INCREASING COGNITIVE INTEREST  
AND IMPROVEMENT OF LANGUAGE UNDERSTANDING OF THE PUPILS

M.KATENOVA

SCHOOL OF KAZAKH & AMERIKAN UNIVERSITY

Ойынның педагогикада, оқыту үрдісінде алатын орны ерекше. Ерте заманынан белгілі болған XVIII ғасырдың өзінде-ақ Ж.Ж. Руссо мен И.Г. Песталоцци ойын арқылы балаларды болашақ өмірге бейімдеу керек деп түсіндірген.

Ойынның сабақ барысында басты мақсаты – білім беруді ойынмен ұштастыру. Баланың ойынға белсенді түрде қатысуы оның ұжымдағы басқа да әрекеттерін айқындайды. Ойын бір қарағанда қарапайым құбылыс не әрекет сияқты болғанымен, ол ұжымдық әрекет. Ойын арқылы оқушы неге үйренеді?

- Ойын арқылы баланың сабаққа қабілетін дамытады
- Өздігінен жұмыс істеуге үйренеді
- Сөздік қоры байиды, тілі дамиды
- Зейіні қалыптасады
- Байқампаздығы артады
- Өзара сыйластыққа үйретеді
- Ойынның ережесін бұзбау, яғни, тәртіптілікке баулиды
- Бір-біріне деген оқушы сенімі артады достыққа, ынтымақтастыққа баулиды
- Сабаққа қызығушылығы артады.

Педагогикалық үрдісті жетілдіруде ойынның алар орнын қазақстандық ғалым Н. Құлжанова да зерттеген. Ойын бала үшін еліктеу, инстинг, күнделікті негізгі әрекет және оның жеке өмірі, - деп дәлелдеген. Н. Құлжанованың айтуы бойынша ойынды әдептілік, тәрбиелік мақсатта пайдалану-баланың болашақ өміріне түзу жол салу, үлкендерге еліктеуі және өмірдің талаптарына сай бейімделуі басты педагогикалық мақсаттар. Ғалым «Бала ойында ғана тынығып», «жұмыс жасап», өсіп жетіледі. «Оның ойлау қабілеті жетіліп, қарым-қатынас жасау мүмкіндігі артады», -деп атап көрсеткен.

«Ойын – бала үшін өмірлік тәжірибе», -деп М. Жұмабаев атап көрсетсе, «Ойын-баланың рухани дамуының негізі», -деп Ж. Плаже, К. Левин, Л.С. Выгоский, Д.Б. Эльконин өз еңбектерінде атап көрсеткен.

1. Ойын-балалар үшін күрделі әрекет те бола алады. Балалар білімді ойын арқылы қабылдап, үлкендерден үйренеді. Сондықтан сабақтағы ойын оқушы білімін тыңдап, ой-өрісі кеңейте алады, білім алудағы қызығушылығы артады. Ойын арқылы бала көптеген мәліметтер алады, психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Баланың жас ерекшелігіне, сабақтың мақсатына сай ұжымдастырылған ойындардың берері мол.

